

ЭКОНОМИКА



ҚАРЖЫЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ –
болашақты айқындайтын
маңызды фактор

7

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

«БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ

мақсатты түрде жұмсалуға тиіс»



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Алмалы ауданында көшпелі жиын өткізіп, оған аудан басшылығы, салалық басқарма өкілдері, коммуналдық қызметтер мен тиісті ұйымдар қатысты.

Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин ауданның негізгі мәселелерін атап өтіп, шұғыл шешімді қажет ететін түйткілді тұстарға тоқталды. Оның айтуынша, ең өзекті мәселе – апаттық жағдайлар мен жөндеу жұмыстарының кесірінен пайда болған қазылған жерлердің көптігі. Бүгінде ауданда осындай 325 учаске тіркелген. Олардың дені – «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы Су» МКК және «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-на тиесілі. Қаланың инженерлік желілері әбден ескірген, ал қазылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары ұзаққа созылып жатыр.

Дархан Сатыбалды көше бойындағы қазба жұмыстары аяқталған соң жерді қалпына келтіру қарқынына көңілі толмайтынын айтып, барлық жұмысты 1 қыркүйекке дейін бітіруді тапсырды. Әсіресе, «АлЖЖ» ЖШС-на жылыту маусымы басталғанға дейін барлық аумақты толық қалпына келтіру міндеттелді.

Жиын барысында «Таза Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында көше жарығын орнату, қаланы тазарту және көріктендіру жайы да сөз болды. Қала әкімі мердігер ұйымдардың жұмысына сын айтты.

«Бізде барлық жағдай жасалған, жүйе бар, қаржы қарастырылған, мердігерлер де таңдалған. Өкінішке

қарай, нәтиже көңілден шықпай тұр. Мердігерлер жауапкершілігін сезінуге тиіс, бюджеттен бөлінген әр тиын тек мақсатқа сай жұмсалуды керек», – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, шаһар басшысы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылған жобалардың сапасына да көңілі толмайтынын жеткізді. Мысалы, 2023 жылы тұрғындардың бастамасымен салынған кейбір шағын скверлер мен демалыс орындары сапасыз болып шыққан: отырғызылған ағаштар құрап қалған, абаттандыру тез тозып кеткен.

«Қаланың көркін жаңартып, келбетін көркейтуіміз керек. Аула мен көшеден бастап, жаяу жүргінші жолы мен жол төсеміне дейін ұқыптылық пен жаңашылдық қажет», – деді қала басшысы.

Жиын соңында Дархан Сатыбалды абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарап, жергілікті әкімдіктердің жұмысын үйлесімді әрі тиімді ету қажеттігін атап өтті. Ендігі жерде барлық кезеңде бақылау күшейтіліп, мердігерлермен және қызмет көрсетуші ұйымдармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі құрылмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАҚТЫ СЕКТОР

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Алматыда ипотекалық бағдарламалар қалай жүзеге асып жатыр?

Алматыда тұрғын үй құрылысы – экономиканың нақты секторына серпін беретін басты бағыттың бірі. Жыл сайын урбанизация үдерісі күшейіп, қала халқы артып келеді. Соған сәйкес баспанаға деген сұраныс та жоғары. Бұл жағдай жаңа үйлердің салынуына, инфрақұрылым мен құрылыс индустриясының дамуына ықпал етуде. Бүгінде мемлекеттік бағдарламалар арқылы мыңдаған алматылық тұрғын үйге қол жеткізіп, жаңа өмірге қадам басып отыр.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» – АРМАНДАРҒА ЖОЛ АШҚАН БАҒДАРЛАМА

Соңғы уақытта Алматыдағы тұрғын үй нарығы қарқын алып, мемлекеттік бағдарламалармен жандана түсті. Соның ішінде ең көп сұранысқа ие жобалардың бірі – «Алматы жастары».

Бағдарлама аясында 2023 жылы 6 мыңға жуық жас баспаналы болған. Алғаш рет «жұмыс істейтін жастар» санаты қосылып, 20-дан астам адам пәтер кілтін иеленген. Жоба жылдық 5% мөлшерлеме, 10% бастапқы жарна, 20 млн. теңгеге дейін несие тиімділігімен ерекшеленеді. Биыл несие көлемі 18 млн.-нан 20 млн. теңгеге ұлғайтылды. Жалпы, бағдарламаға 26 млрд. теңгеден



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

астам қаржы бөлініп, 1300-ден астам азаматты қамту көзделген.

- Мемлекет басшысы: «Қолжетімді баспана – арман емес, бұл – азаматтар алдындағы міндетіміз», – деп атап өтті. «Тұрғын үй заңнамасын реформалау туралы» Заңға қол қойып, «Отбасы банкін» тұрғын үй бөлу бойынша толыққанды даму институтына айналдыруды тапсырды. Бұл өзгеріс тұрғын үй беру үдерісінің ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз етеді.


2024 жылдың қорытындысы бойынша елде 172 089 баспана пайдалануға берілсе, оның 5567-сі Алматыда үлестірілген. Биыл тағы 6 мың отбасыға пәтер кілті табысталамақ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:


@AQSHAMY_KZ


@TikTok


@AQSHAM_NEWS











www.aqshamnews.kz


01 745178 614887



«ШАНХАЙ РУХЫНЫҢ» МӘНІ НЕДЕ?

Қытайдың Тяньцзинь қаласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтті

Жиынға ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саяси ведомство басшылары, сондай-ақ ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Ермекбаев пен ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Атқарушы комитетінің директоры Уларбек Шаршеев қатысты. Еліміздің атынан отырысқа Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу барды. Бұл отырыс биыл күзде Тяньцзиньде өтетін ШЫҰ саммитіне дайындық аясында өтті. 2024–2025 жылдары ұйымға ҚХР төрағалық етуде.

Астана мен Бейжің стратегиялық әріптестікті нығайтуға ниетті

14–16 шілде аралығында Қазақстандық делегация ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы мен оның аясындағы маңызды кездесулер өткізді.

14 шілдеде Мұрат Нұртілеу ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысына қатысу мақсатында Қытай Халық Республикасына жасаған сапары аясында ШЫҰ хатшылығына барды. Онда ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Ермекбаевпен және Ұйым ұжымымен кездесті. Нұрлан Ермекбаев биылдан бастап 2027 жылға дейін ұйымның Бас хатшысы қызметін атқаратынын айта кеткен жөн.

15 шілдеде Мұрат Нұртілеу ұйымға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысына қатысты. Отырыста мынадай мәселелер талқыланды:

- **Қазіргі халықаралық жағдайда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сыртқы саяси үйлестіруін тереңдету мәселелері;**
- **Қыркүйекте Тяньцзинь қаласында өтетін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының саммитіне дайындық барысы.**



Министрдің сөзінше Қазақстан тарапы 2024 жылғы шілдеде өткен Астана саммитіндегі уағдаластықтарды жүзеге асыруда Қытайдың жүргізіп жатқан жүйелі жұмысын жоғары бағалаған.

Бұл жиындардан кейін Мұрат Нұртілеу ҚХР Сыртқы істер министрі Ван Имен кездесу өткізді. Онда тараптар Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестікті нығайтуға ниетті екенін мәлімдеген. Сондай-ақ, БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және «Орталық Азия – Қытай» форматы сияқты көпжақты құрылымдар аясындағы өзара іс-қимылды жалғастыруға уағдаласқан.

Батыс әлемінің идеясына қарама-қайшы ұстаным

Ресми отырыс өткенге дейін, Бейжің қаласында ұйымға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері мен ШЫҰ Бас хатшылығы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің қабылдауында болғанын атап өткен жөн. Онда ҚХР Төрағасы ШЫҰ Қытайдың негізгі сыртқы саяси бағыты екенін тілге тиек еткен. Сондай-ақ, ол ұйымның «Шанхай рухы» аясында дамып келе жатқанын айтқан.

«Шанхай рухы» батыс әлемінің ұсынатын идеясына қарама-қайшы ұстаным. Батыс өз саяси басқару стилін өзге елдерге таңуға ұмтылса, Бейжің керісінше әр елдің қоғамдық-саяси басқару стиліне құрметпен қарауға шақырады. Батыс әлемінің түсінігінде ШЫҰ де-

мократиялы елдердің клубы секілді көрінеді. Алайда, мәселе бұдан да тереңде жатыр.

Қытай «Шанхай рухын» батысқа текетірес құралы ретінде қарастырмайды. Себебі, Бейжің барынша саяси қақтығыстардан өзін алшақ ұстауға тырысады. Қала берді, оның импортының басым бөлігі батыс елдеріне тиесілі. «Шанхай рухының» мәні суверенді елдердің бір-бірінің ішкі саясатына араласпау идеясы болып саналады.

Ақпараттық кеңістікте жиі талқыланатын мәселе

Ұйымның ресми сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Ермекбаев ресми қызметке кіріскелі бері 3 рет бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сұхбат берген. 2025 жылы 6 қаңтар және 6 мамырда ресейлік РИА Новости, сондай-ақ 6 мамырда қазақстандық Torpress.kz сайтына сұхбаты шықты. Сұхбаттарда «ұйымға мүше мемлекеттер саны арта ма?» деген сұрақ жиі қойылған. Әсіресе, ресейлік РИА Новости осы сұраққа басымдық бергені байқалады. Бұл сұраққа Нұрлан Ермекбаев ашық жауап берген жоқ. Себебі, қызметтік құпия болып саналады. Дегенмен, соңғы күндері бұл сұрақ ақпараттық кеңістікте жиі талқыланды.

16 шілдеде Арменияның премьер-министрі Никол Пашинян баспасөз-конференциясында ШЫҰ-ға мүше болуға өтініш бергенін хабарлады. Ереванның биыл ұйымға мүше болуға өтініш беруінің саяси астары болуы мүмкін. Себебі, Қытай ұйымға төрағалық етуде. Ресеймен арасы суыған уақытта Бейжіңнен қолдау іздеуі ықтимал. Алайда, ШЫҰ Никол Пашиняның «Б» жоспары секілді. Бұл бастамамен бір уақытта Еуроодақпен интеграцияға мән беруде. Әзірге Арменияның мүше болу мәселесінде нақты ақпарат жоқ. Шешімді биыл күзде өтетін ШЫҰ саммитінің қорытындысынан білеміз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



МӘСЕЛЕ

Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаевтың назарына!

«СУ БАР МА?»

«Нұркент» шағынауданындағы №85 үйдің тұрғындары тіршілік нәріне зәру


«Нұркенттіктер» күн сайын кешкі уақытта өздері тұратын осы көпқабатты үйдің 9-қабатынан 13-қабатына дейін су болмайтынын айтып, дабыл қағып отыр. Мәселен, тұрғындардың сөзінше суық су сағат 15.00-ден түнгі 00.00-ге дейін берілмейді. Әрине, санитарлық нормалар сақталмағандықтан, бұл жағдай адамдарға айтарлықтай тұрмыстық келеңсіздіктер туғызып, өмір сүру сапасына кері әсерін тигізеді сөзсіз. Жұрттың айтуына қарағанда, суық суды өшіру туралы ешқандай жоспарлы ескерту жасалмаған. Зәулім үйде зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар да тұрады. Балалар көп. Ал судың жоқтығы олардың денсаулығына қауіп төндіреді. Жарықтың да жағдайы оңып тұрған жоқ. Еш ескертусіз жарық та жиі сөніп қала береді.



маты Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тұрғындарға берген жауабы:

«Нұркент» шағынауданындағы 85-үй Д-76 мм кіреберіс және Д-225 мм, Д-315 мм су құбырына қосылған. Сумен үздіксіз жабдықталған. Алатау ауданының РЭУ-і суық суды өшіру жұмыстарын жүргізген жоқ. Тексеру кезінде қалалық Д-315 мм су құбыры желісіндегі су қысымы Р-3,8 Атм. құрап, техникалық талаптарға сәйкес екені анықталды. Сондай-ақ, 85-үйдің жанында жеке тұрған насос станциясы бар, бірақ ол жұмыс істемейді және оның баланс ұстаушысы белгісіз. ШЖҚ «Алматы Су» МКК өзінің балансындағы қалалық желілер арқылы сумен жабдықтау және су бұрудың үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді және бақылайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Cyber: tengrinews.kz

**Ержан СЕЛДЕРБАЕВ,
«Нұркент-1» шағынауданы тұтынушылар кооперативінің төрағасы:
СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫСЫМЫ ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС**

«Нұркент» шағынауданының №62, 63, 64, 68, 71, 72, 74, 75, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85 үй тұрғындарынан келіп түскен көптеген шағымға сәйкес, көпқабатты, көппәтерлі тұрғын үйлер үшін салқын сумен қамтамасыз ету қысымы Қазақстан Республикасының ҚНЖЕ талаптарына сай келмейді. Қазіргі уақытта үйге кіреберістері қысым 3 атмосферадан аспағандықтан, бұл көпқабатты үйлер үшін, әсіресе, кешкі қарбалас уақытта су жеткіліксіз. «Нұркент» шағынауданы тұрғындарына су қысымын арттыру бойынша насос стансасына қатысты тұрғындарға жолданған жауап қанағаттанарлықсыз.

Бұған дейінгі жылдары сумен қамту қысымы жеткілікті болған, алайда биылғы жылы бұл көрсеткіш 2,7–3,0 атмосфераға дейін төмендеген. Өзге де ұқсас көпқабатты тұрғын үйлерде қолданыстағы нормаларға сәйкес, ішкі құбыр жүйесіндегі қысым әр төрт метр биіктікке 0,4 барға (атмосфераға) артып отырыу тиіс. Егер үй 10 қабатты болса, қысым нормасы мына формула бойынша есептеледі: $(0,4 \cdot X) + 1$. Яғни 10 қабатты үй үшін: $(0,4 \cdot 10) + 1 = 5$ бар (атмосфера). Бұл формула бойынша: 1 – бірінші қабаттағы ең төменгі рұқсат етілген қысым мәні, 0,4 – әр қабатқа су жеткізу үшін қажет шартты қысым көрсеткіші, ал X – қабат саны болып саналады.



Дана
САДЫРҚАН

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы мен «Коммуналдық қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес, коммуналдық қызмет көрсетуші ұйым қызметтердің сапасын және үздіксіз берілуін қамтамасыз етуге міндетті. Сондықтан нұркенттіктер: суық судың берілуін қалпына келтіру бойынша шұғыл шаралар қабылдауды; жоғарғы қабаттарға суық суды жеткізу үшін сорғы орнатуды; суық су болмаған кезеңдерге коммуналдық қызметтердің төлем ақысына қайта есептеу жүргізуді; бастапқыда 85-үйге қарасты болған, кейін «Бута Феномен» тұрғын үй кешені құрылысының аумағына өткен, бөлек тұрған сорғы станциясының жағдайын анықтауды және оның неге алынып тасталғанын түсіндіруді талап етіп отыр.

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ал-



Алматы жаңа оқу жылы қарсаңында:

МЕКТЕП ЖАҒАЛАҒАН ЖҰРТ:

Елдегі ең үлкен мегаполис үшін бұл – қалыпты құбылыс

2025–2026 оқу жылының басталар уақыты таяп келеді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы мен «Келешек мектептері» жобасы аясында орын жетіспеушілігінің орнын толтыру міндетін арқалаған мердігерлер жұмысы күйіп тұр.

Биыл 8 мектеп қолданысқа беріледі және тағы 6 нысанда тамыз айында құрылыс жұмыстары аяқталмақ. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Алматы қаласында бас-аяғы 34,2 мың орынды 20 жаңа мектеп құрылысы жүріп жатыр. Тағы бірнеше мектеп күрделі жөндеуден өтеді, қолданыстағы мектеп ғимараттары жанындағы қосалқы құрылыстар аяқталады. Осылайша мектептегі оқушыларға орын жетіспеушілігі көлемі 2–4 мыңға дейін азаяды деген сенім бар шаһар әкімдігінде. Әкімдік дерегіне сүйенсек, Алматыда 1696 білім беру ошағы жұмыс істеп тұр, оның ішінде 1050 мектепке дейінгі білім беру мекемесі және 348 мектеп бар.

Аталған білім беру ордаларында 565 мың бала оқып жатыр. Бірінші сыныпқа барып, мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер саны кейінгі үш жылда азайып келе жатыр. 2023 жылы бірінші сыныпқа 31 мыңнан аса бала қабылданса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 27 мыңға дейін азайды, ал биыл 26 мың шамасы жоспарланып отыр екен.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Алматыда ерекше қарбалас басталады. Әкімдік пен министрлік өкілдері мектеп дайындығын тексереді, ата-аналар баласын қабылдайтын мектеп іздейді. Демографиялық өсім мен көші-қон көлемі жоғары деңгейге сақталып отырған ел үшін және сол елдегі ең үлкен мегаполис үшін бұл – қалыпты құбылыс.

Көші-қон ахуалы

Алматы сияқты ірі қалаларға елдің түкпір-түкпірінен мүмкіндік іздеген азаматтар толассыз қоныс аударып жатады. Сәйкесінше, әр отбасыда бірнеше бала алматылық мектептерге ауысуға мәжбүр. Қалада жыл сайын ұлттық жоба мен жергілікті бюджет есебінен мыңдаған



Сурет: ЖИ.

орын мұқтаждықтың орнын толтыратын мектептер салынып жатса да, әр жаңа оқу жылында бірнеше мың орын дефициті шығатыны осыдан.

Мегаполистегі көші-қон деңгейі туралы Ұлттық статистика бюросының деректеріне көз жүгіртіп көрелік. 2024 жылы Алматы қаласына ел көлемінен 37 мыңға жуық адам тұрақты өмір сүруге қоныс аударып келген екен. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында бұл көрсеткіш 15 мыңнан аса адамды құрайды. Көшіп келгендердің жалпы санының 10 пайызы – мектеп жасындағы балалар. Демек, Алматыдағы мектеп орнының қажеттілігі тек ішкі көші-қон есебінен 5 мыңға артқан. Ал сыртқы көші-қон есебінің оң сальдосы 2024 жылы Алматыға 6,3 мың адамның қосылғанын, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 2 мыңға жуық тұрғын қоныс тіккенін көрсетеді.

Қаланың барлық аудандарында қарқынды жүріп жатқан мектеп құрылыстары – осы қажеттіліктерді жабу міндетін арқалаған азаматтардың еңбегінің нәтижесі. Әсіресе, қаладағы жаңадан құрылған шағынаудандарда жас отбасылар көптеп шоғырланғанын ескерсек, онда жақын арада бұл мәселе де бас ауырта бастайтыны сөзсіз. Кейінгі бесжылдықта қала құрылысын жобалау кезеңінде үлкен тұрғын үй кешендері құрылысымен қатар мектеп құрылысының қатар жүруі де осындай мәселелерден туған тәсіл.

2024 жылы «Саялы-2» шағынауда-

нында жергілікті бюджет есебінен 550 орынды мектеп салынып, қолданысқа берілді. Биыл «Зерделі» шағынауданында дәл осындай 550 орынды мектеп іске қосылмақ. Жаңа аудандарда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да белсенді жұмыс істеуде. Ұлттық жоба аясында жалпы 12,7 мың орынды қамтитын 7 мектеп құрылысы жүріп жатыр. Осы 7 мектептің бесеуі биылғы оқу жылында «Теректі», «Қарасу», «Самғау» және «Ақбұлақ» шағынаудандарында оқушылар қабылдағалы отыр. Ал «Алғабас» және «Ғажайып» шағынаудандарындағы 2 мектеп құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деген жоспар бар.

Тұрғындар таңдауы:
мемлекеттік мектеп пе, әлде
жеке мектеп пе?

Жұртшылықтың санасында әлеуметтік нысандардың барлығы дерлік мемлекеттік сипатта болатыны әбден қалыптасқан дүние еді. Бірақ кейінгі жылдары елімізде, әсіресе, ірі қалаларда жеке мектептер қатары артты.

Алматыда 300 мыңнан астам оқушы мектеп қабырғасында білім алады. Бұл – қала төңірегіндегі мемлекеттік және жеке мектептердің ортақ контингент саны. 215 мемлекеттік мектеп пен 133 жеке мектеп жұмыс істейді.

Жеке мектептердің оқу ақысы нарықтық сипатқа негізделген. Ашық дереккөздерден байқасақ, ең төменгі оқу ақысы жылына 1 250 000 теңге шамасында екен. Үлкен қалаларда балаларын жеке мектепте оқыту тенденциясы да қарқынды түрде өсіп келеді. Жеке мектептер мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауын нарықтық тәсілмен жеңілдетіп отырғаны даусыз. Сұраныс болса, ұсыныстың да табылатыны – нарықтық қатынастың өзгермейтін ережесі.

Мемлекет басшысының білім беру саласындағы инфрақұрылымды жедел жетілдіру және қажеттіліктерді толық қамтамасыз ету тапсырмасы аясында «мемлекеттік-жекеменшік әріптестік» қағидатын пайдалану бастамасы көтерілгені белгілі. Бүгінгі таңда құрылыс компанияларының әлеуметтік нысандарды салуға қызығушылық танытуы нәтижесінде Алматыда тағы бірнеше мектеп құрылысы басталды.

Сан мен сапа

Алматы сынды мегаполисте ұлттық даму мен қоғамдық бастамалардың қалыптасатыны – талас тудырмайтын құбылыс. Шаһардағы бүлдіршіндер санының өсуі, қала бойынша мектеп құрылысының толассыз жүруі – айрықша қуаныш. Демографиялық өсім сақталған мемлекетте әлеуметтік міндеттеменің орындалуы басты міндет болмақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы да, Үкіметбасы да айтып келеді.

Білім беру ұйымдары, әсіресе, ірі қалалардағы мекемелер болашақ алдында аманат арқалайтынын ұмытпағаны абзал. Бүгінгі мектеп оқушысы, колледж бен ЖОО студенттері – аз ғана уақыттан кейін еңбек нарығының қатысушысы, кәсіби мамандар, басшылар болмақ. Олардың азамат ретінде қалыптасу кезеңі білім беру ұйымдарында жүретіндіктен, ұлттық идеологияны сіңіру, ана тілі мен тарихын меңгеру деңгейін арттыру – осы мекемелердің мойнындағы жүк. Өйткені, Алматы мектептері де, алматылық жастар да – тұтас қазақстандық буынның бойтүзер бағыты. Демек, Алматыдағы мектеп пен өзге білім беру ұйымдарының мойнында бір ұлттың ертеңі тәрбиелеу аманатының кемінде жартысы бар деуге болады.

Алматыдағы 215 мемлекеттік мектептің 36 пайызы (77 мектеп) қазақ тілінде, 27 пайызы (57 мектеп) орыс тілінде, 36 пайызы (78 мектеп) аралас (екі тілде) білім береді. Ал жекеменшік 133 мектептің басым көпшілігі аралас (екі тілде) білім беру форматын таңдаған.

Мемлекеттік мектептердегі талап пен тәртіптің сақталатыны сөзсіз. Ал жекеменшік мектептерде мемлекеттік идеология жұмыстары қаншалықты терең жүргізіледі, оқу жоспары уәкілетті органның мемлекеттік стратегиялық құжаттарымен сәйкес пе? Қайнаған құрылыстан қол қалт еткенде осындай салдары жылдар өте байқалатын сұраққа да назар аударған жөн.

Толық қалалық режимге, мегаполиске тән тыныс-тіршілікке көшкен Алматыны басқару да, бұл шаһарда әлеуметтік міндеттемелерді орындау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету де оңай шаруа қатарынан емес. Осы сөзіміздің картинасы Алматыдағы мектеп шаруасында анық көзге көрінеді: себебі, инфрақұрылымды талапқа сәйкестендіру мәселесі күйіп тұр, оның сыртында ұрпақ алдындағы аманат дейтуғын ардың ісін тағы ұмыт қалдыра алмайсың.

Кез келген мемлекеттің даму деңгейі көрінетін ең негізгі фактордың бірі – бүлдіршіндер мен зейнет жасындағы азаматтардың ел-ауқаты. Ал біздің шаһардағы жыл сайын іске қосылып жатқан заманауи мектептерге қарап, ел дамуының, қала дамуының бағыты түзу екенін аңғарамыз.

Әділет
МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.



Сурет: ЖИ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАЙЛЫ МЕКЕН, ЖАСЫЛ КЕҢІСТІК

Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы мен Өңірлік коммуникациялар қызметі мамандарының ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Шаһарды абаттандыру жобаларымен таныстыру мақсатындағы бұл іс-шара барысында БАҚ өкілдері қаланың төрт нысанын аралады. Іс-шара басталмас бұрын басқарма басшысы Батырхан Сүлейменов Алматыны дамытуда ақпарат беруге атсалысқандары үшін журналистерге алғыс айтты. Одан кейін жаңа жобалар туралы кеңінен баяндап берді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

САЯБАҚҚА СӘН КІРЕДІ

Баспасөз туры аясындағы алғашқы аялдамамыз – Пушкин көшесі. Райымбек батыр даңғылынан Гоголь көшесіне дейін созылатын бұл көшеде қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Спикердің айтуынша, Пушкин көшесінің аталған бөлігі 2025 жылы толық жаңғыртылады. Жоба Алматы қаласының орталық бөлігін кешенді абаттандыру бағдарламасы шеңберінде жүзеге аспақ.

«2023-2024 жылдары «Алматыгенплан» жобалау институты осы көше бойынша үлкен зерттеу жұмысын жүргізген. Сол кезде көшенің туристік әлеуеті өте жоғары екенін анықтадық. Оны адамдар серуендейтін, уақыт өткізе алатын жаяу жүргіншілер кеңістігіне айналдыруға болады. Бұл аудандағы ең тартымды жерге айналуы мүмкін. Қазір біз құрылыс-монтаж жұмыстарына кірістік», – деді Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының басшысы Батырхан Сүлейменов.

Жоба ұзындығы – 1,1 шақырым, жалпы көлемі – 6,5 гектар аумақты құрайды. Абаттандырылатын аймақта 19 619,5 м² жасыл

Алматы серуендеп жүріп сүйсінетін қалаға айналады

желек, 45 301,4 м² жамылғы төселмек. Жобада жаяу жүргінші аймағынан бөлек, автокөлік қозғалысы да ескерілген. Ерекше мән берілген тұс – Мақатаев көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейінгі аралық, мұнда кең бульвар салынбақ.

«Бұл орын ауданның өзегіне, тартымды нүктесіне айналады. Сонымен қатар, біз тек жаяу жүргіншілердің емес, жүргізушілер мен көлік құралдарының да қажеттілігін ескердік», – дейді басқарма басшысы.

ҚАЛАНЫҢ БАСТЫ КҮРЕ ТАМЫРЫ

Келесі бағыт – Достық даңғылы. Абай мен әл-Фараби даңғылдарының арасындағы бұл бөлік – қаланың ең ірі көше желісінің бірі. Енді осы жерде тұрғындар мен қонақтар жайлы серуен құратын жаңа кеңістік пайда болмақ.

«Достық даңғылы бойындағы жолдың жиегі тар болғандықтан, жаяу жүргіншілер велосипед, самокат мінгендермен қатар жүре алмайды. Сондықтан жаяу жүргіншілер мен велосипедке арнап жолды екіге жаратын жобалық шешім қабылданды», – деді Батырхан Сүлейменов.

Абаттандыру жұмыстары 1,5 шақырым аумақты қамтып, 4,17 гектар жер қайта жасқалады. Жобада жалпы аумағы 22 мың м²-ден асатын жол салынып, жаяу жүргіншілер жамылғысы орнатылады, оның ішінде 15 197 м² асфальт-бетон жолдар мен тротуарлар, сондай-ақ 6923 м² бетон тақтадан тұратын жаяу жүргіншілердің аймақтары да бар. Көгалданған жердің көлемі 17 800 м²-ден аспақ. Сонымен қатар, сәулеттік әрлеу элементтері орнатылып, тұрғындар үшін тартымды нүктелер жасалады. Жұмысты 2026 жылдың наурыз айында аяқтау жоспарланып отыр.

«ОҢТҮСТІК» ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

Табиғатпен үндескен келесі аялдама – «Оңтүстік» саябағының солтүстік бөлігі. Бұ-



рын қараусыз қалған бұл аумақ енді жаңа жасыл кеңістікке айналмақ.

«Аумақ бұрын қараусыз жатқан. Алматы қаласының әкімдігі осы жерді қалпына келтіру қажет деп шешкен соң, біз бұл аумақты сатып алып, құрылыс-монтаж жұмыстарына кірістік. Саябақ бәріне қолайлы болады. Бұрын қараусыз қалған аумақ балалар мен қарттарға қауіптірек болатын. Қалада саябақ жетіспейтіндіктен, оны абаттандыруға мәжбүр болдық», – деді Батырхан Сүлейменов.

Жоба көлемі – 4,1 гектар. Мұнда 120 үлкен көшет отырғызылады, оның ішінде 40 каштан, 40 жеке ағашы мен 40 кәдімгі қарағай бар. Сонымен қатар, 48 орындық, 48 қоқыс жәшігі, 167 жарық бағаны және 30 бейнебақылау камерасы орнатылады. Балалар мен спорт алаңдары, жаңа шағын сәулеттік формалар қарастырылған.

ГЕОЛОГТАР АЛЛЕЯСЫ

Сапарымыздың келесі нүктесі – Геологтар аллеясы. Мемлекет басшысы мен қала әкімінің тапсырмасы бойынша А.Байтұрсынұлы мен Қ.Сәтбаев көшесінің қиылысында орналасқан бұл аймақ күрделі жөндеуден өтіп, толық жаңғыртылмақ. Аумақтың жалпы ауданы екі гектарға жуықтайды.

«Құрылыс-монтаж жұмысына кірісіп кеттік. Ескі құрылымдарды, соның ішінде автотұрақты бұзып жатырмыз қазір. Бірақ А.Байтұрсынұлы көшесі жақтағы 10 көлік орны қалады. Мұнда өте ерекше орын – студенттер аймағы ашылады. Студенттер мен қала тұрғындары мұнда уақыт өткізіп, демалып, шахмат, үстел теннисін ойнайды. Кеңістікті кез келген уақытта қауіпсіз әрі қызықты ету үшін декоративті жарықтандыруды белсенді түрде енгізіп жатырмыз», – дейді басқарма басшысы.

P.S. Баспасөз туры – журналистер үшін ғана емес, қаланың ертеңіне бей-жай қарамайтын кез келген тұрғын үшін маңызды сапар болды. Әрбір жоба – Алматыны жайлы, қауіпсіз және көркем ету жолындағы нақты қадам екені түсінікті. Келешекте бұл нысандар қала тұрғындары мен қонақтарына сүйеніс жүріп аралайтын сүйікті орындарға айналатыны анық.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРТАҚ ИГІЛІГІ

Мегаполисте республикалық экологиялық акцияның кезекті кезеңі ұйымдастырылды

Алматыда республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасып жатыр. 19 шілде күні мегаполисте кезекті сенбілік ұйымдастырылып, оған мердігер ұйымдардың өкілдері, жергілікті тұрғындар, еріктілер, қоғам белсенділері, мемлекеттік және жекеменшік құрылым қызметкерлері белсене қатысты.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұл бастаманың басты мақсаты – аумақтарды қоқыстан тазарту ғана емес, сондай-ақ халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, азаматтық жауапкершілік пен белсенділікті арттыру. Санитарлық тазалау жұмыстары қаланың барлық аудандарында жүргізілді. Оның ішінде иесіз, қараусыз қалған жерлер де қамтылды. Көшелер, тротуарлар мен арық жүйесі тазартылып, құраған ағаштар кесілді, құрылыс және тұрмыстық қалдықтар шығарылды, көшелер мен жаяу жүргіншілер жолы жуылып, көгалдар шабылып, жасыл аймақтардың проблемалық тұстары ретке келтірілді.

Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева атап өткендей, мұндай экологиялық іс-шаралар шаһарда тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

– Осыған дейін біз «Айнабұлақ» ықшам-ауданындағы Есентай өзенінің жағалауында сенбілік өткіздік. Оған шамамен, 2000 адам

қатысты. Сондай-ақ, Солтүстік айналма жолдың бойындағы жаяу жүргіншілер жолағында ауқымды жұмыс атқарылды. Бүгін Жансүгіров, Бөкейханов, Райымбек және Рысқұлов көшелері тазартылуда. Сонымен қатар, Екінші Гончарная көшесінде де жұмыс жүріп жатыр. Бұл жердер 20–40 жыл бойы жиналған қалдықтарды шығарып жатырмыз. Ең маңыздысы – бұл бастаманы тұрғындардың өздері көтеріп, тіпті нақты күнін де өздері ұсынды. Біз қатысушыларды техникамен барынша қамтамасыз етуге тырыстық. Әлеуметтік желілер арқылы да үндеу жолдадық. Мұндай пайдалы бастамаларды жалғастыруға шақырамын. Өйткені, бұл ең алдымен алматылықтардың өздері үшін қажет, – деді Ләззат Жылқыбаева.

«АДАМДАР ТАБИҒАТҚА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАСА ЕКЕН ДЕЙМІЗ»

Жетісу ауданының тұрғыны Нұрбек Нұрдан бұл сенбілік өзінің он бірінші рет қатысып отырған экологиялық іс-шарасы екенін айтты.

– Қаланың тазалығы – баршамызға ортақ игілік. Ауданымызда мұндай тазалық іс-шаралары жиі өтеді, қатыспай қалмауға тырысамын. Адамдар табиғатқа құрметпен қараса екен дейміз, – деді ол.

Айта кетерлігі, сенбілік аяқталғаннан кейін аудан әкімі тұрғындардың тұрмыстық мәселелеріне құлақ түріп, шешу жолдарын ұсынды.

ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әуезов ауданындағы негізгі локация – «Жетісу-3» ықшам-ауданы болды. Мұнда



аудандық жастар комьюнити-орталығының еріктілері белсенділік танытты. Ұйымның жоба менеджері Айша Балдырғанның айтуынша, бұл экологиялық акция жастардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауына және азаматтық белсенділігінің артуына себеп болып отыр.

– Қыз-жігіттер қаламыздың экологиялық жағдайын жақсартуға шын ниетпен кірісті. Мұндай іс-шаралар тек аудандардың тазалығы мен көркеюіне ғана емес, сонымен қатар ұжымдық жауапкершілік пен табиғатқа жанашырлық құндылықтарын орнықтыруға ықпал етеді. Жастар – өзгерістің бастауы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді, – деді Айша Балдырған.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЛОКАЦИЯСЫ

Жалпықалалық сенбілікке шамамен 4600 адам қатысып, 1475 текше метр қоқыс шығарылды. Атап айтқанда:

- Жетісу ауданындағы сенбілікке 570 адам, 18 техника жұмылдырылып, 205 текше метр қоқыс шығарылды.
- Әуезов ауданындағы тазалық жұмыстарына 400 адам, 20 техника қатысып, 320 текше метр қоқыс шығарылды.
- Алмалы ауданында сенбілік жұмыстары Назарбаев – Жамбыл – Розыбакиев – Қабанбай батыр және Төле би – Брусиловский – Райымбек – Тұрғыт Озал көшелерімен шектелген квадраттарда өтті. Бұл жұмыстарға 550 адам, 18 техника жұмылдырылып, 130 м² қоқыс сыртқа тасылды.
- Наурызбай ауданында Медеубеков көшесінде санитарлық жұмыстар жүргізілді (500 адам, 7 техника, 170 м² қоқыс).
- Медеу ауданында Шухов сквері сенбілік алаңына айналды (300 адам, 25 техника, 130 м² қоқыс).
- Түркісіб ауданында «Нұршашқан» ықшам-ауданы тазартылды (645 адам, 13 техника, 125 м² қоқыс).
- Бостандық ауданында Сәтбаев–Шағабутдинов қиылысындағы бос жатқан жер тазартылды (780 адам, 11 техника, 230 м² қоқыс).
- Алатау ауданында негізгі жұмыстар «Айгерім-2» ықшам-ауданында атқарылды (850 адам, 28 техника, 165 м² қоқыс).

Айта кету керек, тазалық жұмыстарының локациясы үнемі өзгеріп отырады. Сонымен қатар, экологиялық акция аясында жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары да жүргізілуде.



ТҰРҒЫН ҮЙ

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Алматыда ипотекалық бағдарламалар қалай жүзеге асып жатыр?

(Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, әлеуметтік осал топтарға жалға берілетін пәтерлерді жекешелендіру мүмкіндігі беріліп, 71 мың адам өз үйінің иесі атанды. 20 мыңнан астам пәтер жергілікті әкімдіктер арқылы сатып алынса, 13 мың отбасы алғаш рет жеке баспанаға қол жеткізді. Ал «Наурыз» және «Отау» бағдарламалары арқылы 10 мың отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Жалпы, 64 мың отбасыны қолдауға мемлекет тарапынан 1 трлн. теңге бөлінді. Алдағы уақытта жыл сайын 19 млн. шаршы метр, 2029 жылға дейін 111 млн. шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған.

ЖАС ОТБАСЫЛАР АРМАНЫ

Мәдина Манапқызы – Алматы электромеханика колледжінде 2015 жылдан бері жұмыс істейді. Жолдасымен бірге 2019 жылы «Алматы жастары» бағдарламасына өтінім беріп, бір жылдай дайындалып, барлық құжаттарын жинап өткізеді. Төзім мен табандылықтың нәтижесінде 2020 жылы алғаш рет жалдамалы пәтердің кілтін алып, жаңа өмірге қадам басады.

– Алматыда өз үйіңнің болғаны – өміріңнің бір белесіне жеткенің. Таңертең оянып, қаланың жарығына өз терезеңнен қарап, қарбалас тірліктің ортасында өз бұрышыңның болғаны – ерекше сезім. Бұл пәтер – біздің еңбектің жемісі, – дейді Мәдина.

Бұл – жалғыз Мәдинаның оқиғасы емес. Алматыда мыңдаған жас дәл осылай 2-3 жұмысты қатар атқарып, ипотека арқылы баспаналы болуға тырысып жүр. Бұл үдерісті қолдау мақсатында мемлекет бірқатар жеңілдетілген бағдарламаларды іске қосып отыр.

ИПОТЕКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Алматыда тұрғын үй қолжетімділігін арттыру бағытында «Баспана хит», «7-20-25», «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «Ұмай», «Наурыз» сияқты бағдарламалар белсенді жұмыс істеп келеді.

«7-20-25» бағдарламасы 2018 жылдан бері қолданыста. Оның артықшылығы – 7% мөлшерлеме, 20% бастапқы жарна және 25 жылға дейінгі мерзім. Алайда, сарапшылардың пікірінше, Алматыдағы тұрғын үй бағасының шарықтауы бұл бағдарламаның тиімділігін төмендетіп отыр. Қазіргі таңда қалада шаршы метрдің орташа құны 850–950 мың теңге шамасында.

«Бақытты отбасы» – Көпбалалы, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған және толық емес отбасыларға арналған. 2% мөлшерлеме мен 10% бастапқы жарнамен 20 млн. теңгеге дейін пәтер алуға мүмкіндік бар. Бірақ жыл сайынғы квота саны шектеулі.

«Шаңырақ» – «Нұрлы жер» аясында жүзеге асатын бағдарлама. Онда 10% жинақпен үй алуға болады. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарға арналған **«Наурыз»**, әйелдерге бағытталған **«Ұмай»**, экологиялық үйлерге арналған **«Жасыл ипотека»** және ислам қағидаларына негізделген **Ислам ипотекасы** да әзірленуде.

• **Биылғы көрсеткіш бойынша Алматыда 5567 азамат жеңілдетілген ипотека арқылы үй алған. Жыл соңына дейін тағы 6 мың пәтер берілмек.**

2025 жылдың шілдесінде өткен Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов жаңа бастама ұсынды. Ол жұмысшы мамандық иелеріне арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаны әзірлеуді тапсырды. Бұл бастама әлеуметтік әділеттілікті арттырумен қатар, жұмысшы кадрларға тұрақты қолдау көрсетуге бағытталып отыр.



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айбар ОЛЖАЙ, қаржы сарапшысы:

ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ҚАЛА

Қазіргі таңда Алматы қаласында ипотекалық бағдарламалардың таңдауы өте мол. Бұл қала тұрғындары үшін үлкен артықшылық.

Біріншіден, мемлекеттік деңгейде жүзеге асатын «7-20-25», «Бақытты отбасы», «Наурыз» сынды бағдарламалар бар. Олар әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтар үшін тиімді әрі қолжетімді.

Екіншіден, Алматы еліміздің қаржы орталығы болғандықтан мұнда елімізде жұмыс істейтін банктердің барлығының бөлімшелері бар. Олардың әрқайсысы өздерінің коммерциялық ипотекалық өнімдерін ұсынады. Бұл бәсекелестік қалыптастырып, клиент үшін ең тиімді шарттарды таңдауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, «Алматы жастары» өңірлік бағдарламасы бар. Ол тек Алматының жеке ипотекасы. Жас мамандарға – мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа да маңызды сала өкілдеріне арналған. Шарттары өте жеңіл, пайыздық мөлшерлемесі төмен. Қолайлы жағдайдың арқасында көптеген жас отбасылар баспаналы болып жатыр.

Тағы бір маңызды жайт, Алматыда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жаңа үйлер де, екінші нарықтағы пәтерлер де жетерлік. Бұл ипотека арқылы баспана алғысы келетін азаматтарға үлкен мүмкіндік. Таңдау бар. Қолайлы шарттар бар. Ең бастысы, дұрыс бағдарлама таба білу.

Жалпы алғанда, Алматы – қаржы құралдары жақсы дамыған, ипотекалық қолжетімділігі жоғары қала. Мұны тиімді пайдаланған жөн деп ойлаймын.

220 ОТБАСЫ ЖАҢА ПӘТЕРГЕ КӨШТІ

Алматыда ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу және орнына жаңа баспана салу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. «Тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы–2030» аясында 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында 220 тұрғын жаңа пәтерге көшті. Қоныс аудару жұмыстарын Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы» ӘКК еншілес ұйымы «Қалалық күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС және инвесторлар жүзеге асырып отыр.

Сала мамандардың айтуларына, алматылықтар пәтерлерін «бөлме орнына бөлме» қағидатымен немесе нарықтық құнына сай өтемақы алу арқылы иеленген. Жаңа пәтерлер толық жөнделген күйде, интернет, өртке қарсы дабыл жүйесі, сантехника және газ немесе электр плитасымен жабдықталған.

Ескі үйден жаңа пәтерге қоныстанған тұрғындар саны бойынша Түркісіб ауданы алда – 99 адам. Одан кейін Алмалы – 57, Жетісу – 32, Әуезов – 20, Бостандық – 7, Алатау – 3 және Медеу ауданында – 2 адам жаңа пәтерге кірген.

Айта кеткен жөн, бағдарламаға сәйкес, көшіру және ғимараттарды сүру жұмыстары барлық меншік иелерінің келісімімен ғана жүргізіледі. Ерекше күтімді қажет ететін адамдар үшін бірінші қабаттағы немесе жеделсаты, пандус және кедергісіз қолжетімділігі бар үйлер-

ден пәтер қарастырылған. Қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, әсіресе, каркас-қамысты үйлер мен тектоникалық жарық аймағында орналасқан ғимараттарды сүруге ерекше көңіл бөлінеді.

Ал берілген баспанаға көшуден бас тартқан жағдайда тұрғындар ескі үйде тұра береді, бірақ ықтимал қауіп-қатерге өзі жауапты болады. Биыл жыл соңына дейін «Қалалық күрделі құрылыс кәсіпорны» мен инвесторлардың күшімен тағы 600-ден астам адамды жаңа тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

– Жаңарту бағдарламасы кешенді тәсілге негізделген. Тұрғын үй ғана емес, сонымен бірге қала тұрғындарының өмір салты өзгереді: жайлы орта қалыптасып, жаңа қоғамдық кеңістіктер, жұмыс орындары мен қызметтер пайда болады. Сонымен қатар, Алматының сәулеттік келбеті жаңарады. 2030 жылға дейін қаладағы ескі үйлердің санын 1366-дан 690-ға дейін азайтып, шамамен 7500 меншік иесін заманауи пәтерге көшіру жоспарланып отыр, – дейді «Қалалық күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС басқарма төрағасы Ринат Құрманов.

АЛМАТЫЛЫҚТАР НЕ ДЕЙДІ?

Жаңа пәтерге көшкен тұрғындар бұл бағдарламаны өмір сапасын жақсартудың нақты мүмкіндігі деп бағалайды. «Ескі үйіміз апатты күйде еді. Қазір кең әрі жа-

рық пәтерге көшіп, қуанышқа кенелдік. Қаланың тынысы сезіледі, балаларыма да қолайлы», – дейді Түркісіб ауданында тұратын Қарлығаш апай.

Ал жеңілдетілген ипотекамен баспаналы болғандар үшін басты артықшылық – төлемнің қолжетімділігі мен құжат рәсімінің ашықтығы.

«Отбасы банк» арқылы «Өз үйім» бағдарламасымен несие алып, армандаған үйімізге қол жеткіздік. Құжаттар онлайн рәсімделіп, барлығы түсінікті болды», – дейді жас отбасы иелері Асан мен Айым.

Еске сала кетейік, «Алматының тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы – 2030» қалалық әкімдік тарапынан әзірленіп, 2024 жылдың қараша айында мәслихат бекіткен. Бағдарламаның әкімшісі «Алматы» ӘКК» АҚ, ал уәкілетті ұйым Алматы қаласы әкімдігінің «Қалалық күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС болып табылады.

• **Алматыдағы тұрғын үй құрылысының дамуы – ел экономикасының нақты секторындағы маңызды көрсеткіштердің бірі. Қала әкімдігінің жүйелі жұмысы мен мемлекеттік қолдаудың арқасында мыңдаған алматылық жаңа үйге қол жеткізіп, жайлы ортада өмір сүруге мүмкіндік алып отыр. Бұл үрдіс әрі қарай да жалғасып, Алматыны барша үшін жайлы мекенге айналдыру ісі өз нәтижесін берері сөзсіз.**

Алматыда ипотекалық бағдарламалар қарқынды дамып жатыр. Бүгінге дейін жеңілдетілген шарттармен ұсынылған жобалар арқылы мыңдаған отбасы үйлі болды. Дегенмен, баспана бағасының жоғары болуы, бастапқы жарнаның қолжетімсіздігі, квота санының шектеулігі сияқты әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Өйткені, ипотеканы қаржылық құрал деп біржақты қарауға болмайды, ол – әлеуметтік тұрақтылық пен сапалы өмір сүрудің негізі. Сол үшін де тұрғын үй саясатына жүйелі көзқарас пен батыл қадам қажет. Ал өз үйіне ие болуды армандаған жастар үшін бастысы – талпыныс пен сенім. Баршаңызға баспана бақыты бұйырсын!

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДҮЛДҮЛІ

өмірден озды



Тағы бір қабырғалы қаламгеріміз өмірден озды. Өкінішті, әрине. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ақын, сазгер, Қазақстанның халық жазушысы, «Парасат» орденінің иегері Исраил Сапарбайдың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады. Бұл туралы Ақорда хабарлады.

«Исраил Сапарбай ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан дарынды қаламгер еді. Ұлттық поэзия мен драматургияда өзіндік қолтаңбасын қалдырып, нағыз шығармашыл тұлға ретінде өнімді еңбек етті. Қалың оқырман өміршең туындыларымен қатар ұлтжанды азаматтығын жоғары бағалады. Соңына бай әдеби-мәдени мұра қалдыр-

ған Исраил Сапарбайдың жарқын бейнесі мен есімі ұмытылмайды», – деп жазылған жеделхатта.

Иә, өмірінің әр сәтін өнер мен сөз құдіретіне арнаған Исраил Сапарбайдың шығармашылығы – ұлт руханиятының биік белестерінің бірі. Ол қазақ әдебиетінің ғана емес, күллі мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз еңбек сіңірді.

Бірнеше буынның сезімін

өлеңімен де, әнімен де тербеп келген қаламгер қазақ поэзиясына сыршыл сезім мен биік парасатты тоғыстырған ерекше қолтаңбасымен енген тұлға еді. Оның соңында қалған 70-ке тарта әні мен 150-ге жуық ән мәтіндері әлі талай шырқала беретіні сөзсіз. Ал «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Абай-Тоғжан», «Сыған серенадасы», «Махаббат мейрамы» сынды өміршең пьесалары театр сахналарынан әлі күнге түскен емес. Ақынның қазақ поэзиясының асыл қазынасына қосылған «Аққу арман», «Бармақтай бақ», «Махаббат пен Ғадауат» секілді көптеген жыр кітаптары оқырманының сөресінде тұратыны да сөзсіз. Бұл жөнінде өмірде тілеу-лес, ниеттес бола білген көптеген ізетті інілері әлеуметтік парақшаларында лебізін білдіріп, көңіл айтып жатты.

Қаламгердің отбасы мен жақын туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Тұтас бір дәуірдің шежіресін жырға қосқан, ұлттық поэзиямыздың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қаламгердің жарқын бейнесі мен шығармашылық жолы ел жадында мәңгі сақталады.

**«ALATAU AQPARAT»
медиахолдингінің ұжымы.**



**Ислам ЖЕМЕНЕЙ, ғалым:
«Жұлдызым» махаббат ұраны болған**

...Аяулы ағамның «Жұлдызым» өлеңі жастық шағымыздың махаббат ұраны іспетті болды. Саяси санамыз 1986 жылдың желтоқсанында бүрісіп қалғанда, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген жыр жолдары елдік рухымызды жаңғыртты.

Мені «Отан» қоғамы 1987 жылы қонаққа шақырып, Алматыға келдім. Қоғам басшылығының «қай жерді көргіңіз келеді, кімдермен кездескіңіз келеді?» деген сұрағына «Исраил Сапарбай және ...» деп жауап бердім. Исекең «қара тізімде» екенін сездім. Бірақ марқұм Тұрсынай ақын, Исекеңмен келіскен болуы керек, мен түнделетіп үйіне алып барды. Сөйтіп, алғаш рет марқұм Жұпар жеңгемнің берекелі, ықыласты қолынан дәм таттым. Олармен әр кездескен күніміз ұмытылмайтын, алтын әріппен жазылған тарих. Қазақ елі Исекеңнің махаббат өлеңдерін жадында қайталап жырлай беретініне сенемін.

**Қазыбек ИСА, ақын:
Қазақ жырының қас жүйрігі еді...**

...Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Исраил Сапарбайдың «Сағыныш сазы» әні жастардың махаббат гимні секілді керемет туынды болды. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» әні қазақ қыздарына әннен қойылған ескерткіш болды. Белгілі композитор Бауыржан Тұрғараның «Махаббат – мәңгі ертегі» әніне жазған Исраил ағаның өлеңі де ел аузынан түспей шырқалып келе жатқан шырайлы туынды. Араласып, бірге жүрген, ағалық алақанын, қамқорлықтарын сезінген ағалардан айырылу ауыр қайғы... Қазақ поэзиясының дүлдүлі, иірімі терең интимдік лириканың қас шебері Исраил Сапарбай қазақ жырымен бірге жасай береді!

**Бекжан ТҰРЫС, актер:
Әр өлеңі жүректің үні еді**

...Поэзияда лирикалық образдар мен сырлы туындылар арқылы ерекше із қалдырған Исраил аға ұлы әдебиетіміздің кең тынысын ашып, жүректі тебіrentкен сырлы сөздің ғана емес, лирикалық әндердің де авторы еді. Әр өлеңі – жүректің үні, әр сөзі халықтың сыры еді. Өзінің кештері болатын кезде айтатын, арнайы шақыратын. Қашан да жүп-жұмсақ қалпымен ән айтып кетуімді өтінетін. Гастрольде болмасам, бармай қалған кезім жоқ екен. Көңілге осы да жұбаныш...

Сізді ақырғы сапарға шығарып салып, жүрегімізде асқақ сезімдер мен мәңгілік мұра қалды. Қош, аға...

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ – 2025

ҰЛЫ ДАЛА ТЫНЫСЫ

әр буын суретшілерінің қолтаңбасында бар

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде биыл мерейтойын атап өтетін белгілі қылқалам шеберлерінің шығармашылығына арналған ерекше көрме ашылды.

Нұржамал ӘЛІШ

Көрме ХХ ғасырда қазақстандық бейнелеу өнері мектебінің қалыптасу кезеңінде еңбек еткен әр буын өкілдерінің қолтаңбасын тоғыстырады. Әр суретшінің өмір жолы мен шығармашылық тағдыры өз алдына дара болғанымен, олардың барлығын өнерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен адалдығы біріктіреді. Олардың кейбірі үшін Қазақстан екінші Отанға айналды. Суретшілер өз еңбегін осы елге, оның дархан даласына, көркем табиғатына, бай мәдениетіне және қонақжай халқына арнады. Олардың арасында Хлудов Николай Гаврилович (1850–1935), Антощенко-Оленев Валентин Иосифович (1900–1984) және осынау бекзат өнер саласында есімдері танымал басқа да тұлғалар бар.

• Николай Хлудов Қазақстанға ХІХ ғасырдың соңында келді. Осы ғасырдағы реалистік кескіндеме



мектебінің қазақ жерінде кеңінен танылып, жалғасын табуына оның шығармашылығының ықпалы зор болды. Ол Орта Азия мен Қазақстанды аралап, жергілікті тұрмыс пен табиғат көріністерін бейнелейтін көптеген суреттер салды. Сол көріністер кейін кескіндемелік туындыларға арқау болды. 1921 жылы ол Верный қаласында (қазіргі Алматыда) алғашқы көркемсурет студиясын ашты.

• Молдахмет Кенбаев та Қазақстанның бейнелеу өнерінде ерекше аталады. Қазақ КСР-інің халық суретшісі. Ол – республиканың шегінен тыс академиялық көркем білім алған алғашқы қазақ суретшілерінің бірі. Оның туындылары даралық сипатымен, осы заманға сай терең мазмұнымен және ұлттық болмысымен ерекшеленеді.

• Хакімжан Наурызбаев – ұлттық мүсін өнерінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының халық суретшісі. Ол мәдениет пен өнер қайраткерлерінің портреттер галереясын жасап, еңбек ерлерінің келбетін сомдады.



реясын жасап, еңбек ерлерінің келбетін сомдады.

• Валентин Антощенко-Оленев республикадағы аса көрнекті график-суретшілердің бірі болған. Оның шығармашылығы жанр, тақырып және көңіл күй тұрғысынан алуан түрлі. Суретшінің сүйікті техникасы – ақ-қара линогравюра. Бұл әдіс арқылы ол түрлі тақырыптарды шебер бейнелеген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лаура ӘБІЛДАЕВА, көрме жетекшісі, «Қазақстан бейнелеу өнері» бөлімінің аға ғылыми қызметкері:

Өткен дәуірге сапар шегеміз

Көрме – шеберлерге көрсетілген құрметтің белгісі ғана емес, сонымен қатар олардың көзқарасымен сол дәуірге қайта қарау мүмкіндігі. Қылқалам шеберлерінің шығармашылық мұрасы өмір сүруін тоқтатпайды, ол шабыт береді, жүректі тербейді, өткеннің үнін жеткізеді және ең маңыздысы – шексіз уақыт пен кеңістіктегі адам болмысының мәнін еске салады.

Биыл Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, қазақстандық мүсіншілердің бірнеше буынына ұстаз болған Сергебаев Ескен Аманжолұлының 85 жылдық мерейтойы да аталып өтуде. Ол бар өмірін өнерге арнады. Шығармашылық жолын 60-жылдары, Қазақстан өнеріндегі жаңа буынның қалыптасу кезеңінде бастады. Көрмеде оның да бірқатар туындысы ұсынылған.

«Мерейтой иелері – 2025» деп дәріптеліп отырған көрме тамыздың орта шеніне дейін тұрады.



КӨЗҚАРАС

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ –

болашақты айқындайтын маңызды фактор



Мемлекет басшысы Астана халықаралық форумында «Біздің мақсатымыз айқын – барынша әртараптандырылған, инклюзивті және келешекке бағдарланған экономика құру. Экономикалық өсім орнықты болумен қатар, оның игілігі әр азаматқа әділ бөлінуге тиіс» деп еліміздің дамуының басты бағдарын айқындап берді. Дүние жүзіндегі саяси-экономикалық ахуалды жан-жақты бағамдап, ұлт мүддесін пайымдап, келешекке нық қадам басып, жаңа әрі әділ қоғам орнату – баршамыз үшін Отан алдындағы перзенттік парыз. Осы орайда ел экономикасының даму бағдары, жаңа тың тетіктер, ел табысын еселеу жайында белгілі экономист Бексұлтан ЫСҚАҚОВТЫ әңгімеге тартып, маманның аналитикалық талдауларын зерделеп көрген едік.

ИГІ БАСТАМАЛАРҒА ЖОЛ АШЫҚ

Үкіметтің биылғы алты айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылаған отырысындағы деректермен бастан-аяқ мұқият танысып шықтым. Талай игі бастамалар қолға алыныпты. Биыл ел экономикасының өсімі 6,2%-ға жетіп, бұл – кейінгі 13 жылдағы рекордтық көрсеткіш ретінде бағаланыпты. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14 мың доллардан асып, Қазақстан орта табысты елдердің жоғарғы сатысына көтеріліпті. Иә, атаулы табыс артты деуге болады. Десе де, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Дүниежүзілік банктің зерттеуі бойынша, қазақстандықтар өз табысының 53%-ын азық-түлікке жұмсайды.

Бұл – өте үлкен көрсеткіш. Экономикада белгілі бір заңдылық бар, ол – Энгель заңы. Аталмыш заң бойынша, табысы артқан халық азық-түлікке аз жұмсауы керек, сонда тұрмысы жеңілдейді. Қалай да инфляцияны тежеу керек. Нәтижесінде халықтың нақты табысын арттыруға болады. Инфляция әлі де ырыққа көнбей тұр. Ең басты фактор – тарифтердің қымбаттауы. Электр, жылу, су тарифтері өсті, бұл автоматты түрде наубайхана, дүкен, өндіріс орындарының өнім бағасына әсер етеді. Яғни инфляция – жүйелі, тізбекті үдеріс. ҚҚС мөлшерлемесі 16%-ға дейін көтерілмек. Бұл нарықтағы барлық өнім мен қызметтің бағасына тікелей әсер етеді. Кәсіпкерлер тәуекелді алдын ала есептеп, қазірдің өзінде бағаларын көтеріп жатыр. Бұл – инфляцияны одан әрі үдететін фактор. Девальвацияға жол бермеу керек.

ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН ЭКОНОМИКА – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІК

Бүгінде әлемдегі тұрақты дамып жатқан мемлекеттердің барлығына тән ортақ сипат – әртараптандырылған, яғни бір ғана салаға емес, түрлі секторларға сүйенетін экономика. Әлемдегі геосаяси шиеленістер, сауда соғыстары, халықаралық нарықтағы тұрақсыздық – бәрі де шикізат бағасына қатты әсер етуде. Әсіресе, мұнай бағасының құбылуы бізге әсерін береді. Қазақстан өз мүмкіндіктерін ескере отырып, мына жаңа бағыттарға ерекше назар аударғаны жөн.

Біріншіден – логистика мен транзит. Еліміз Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан. Бұл географиялық артықшылықты пайдаланып, ірі көлік-логистикалық хабқа айналуымыз керек. Қытай мен Еуропа арасындағы жүк ағынын Қазақстан арқылы өткізу – табысты бизнес.

Екіншіден – агроөнеркәсіп және мал шаруашылығы. Біздің жеріміз кең, табиғи әлеуетіміз жоғары. Азық-түлік өнімдерін өзіміз өндіріп, ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, экспортқа да бағыттау қажет. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Егер мемлекет өз халқын азықпен қамтамасыз ете алмаса, бұл стратегиялық қауіп төндіреді.

Үшіншіден – қайта өңдеу және жеңіл өнеркәсіп. Шикізатты сыртқа арзанға сатып, қайта өңделген тауарды қымбатқа сатып алатын жүйеден арылуымыз керек. Өзімізде қайта өңдеу зауыттарын дамыту – қосылған құн мен жұмыс орындарын арттырады.

Төртіншіден – туризм. Әлемде табиғаты мен тарихы Қазақстандай бай елдер аз. Туризм – тек қаржы көзі емес, сонымен қатар елдің халықаралық беделін арттыратын құрал. Бұл салада да жүйелі жұмыс пен нақты нәтиже керек.

• **Әртараптандыру – бір-екі жылдың шаруасы емес. Бұл ұзақ мерзімді, кезең-кезеңмен жүретін күрделі процесс. Ғарышты игеру, жаңа технология ойлап табу – әрине, болашақтың ісі. Бірақ бүгінгі нақты, шынайы қадам – ауыл шаруашылығын, тамақ өнеркәсібін, логистика мен жеңіл өндірісті қолға алу. Осындай салалар арқылы біз экономикамыздың имунитетін көтере аламыз.**

ИНФЛЯЦИЯНЫ ТӨМЕНДЕТУ МАҢЫЗДЫ

Дамыған елдердің экономикасы тұрақты, халықтың табысы жоғары, инфляция деңгейі өте төмен. Ал бізде қазіргі кезде инфляция деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Осы себепті, Ұлттық банк базалық сыйақы мөлшерлемесін 16,5% деңгейінде бекітті. Бұл – еліміздегі ақша құнының негізгі бағдары. Осы мөлшерлемеден төмен пайызбен несие беру екінші деңгейлі банктер үшін тиімсіз, тіпті мүмкін емес. Себебі, олардың бизнес-моделі осы несиеден түсетін табысқа негізделген. Қысқасы, банктер арзан ақшамен жұмыс істеп жатқан жоқ. Жыл соңына дейін базалық мөлшерлеме тағы да көтерілуі мүмкін, оған да таңқалуға болмайды. Себебі, инфляцияны тежеу әлі де қиын болып тұр. Жақында ғана Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ипотекалық пайызды 25%-дан 20%-ға түсіру жөнінде мәселе көтерген еді. Алайда, бұл бастама да қараша айына дейін уақытша тоқтатылып қойылды. Өйткені, банктер үшін бұл – тәуекелі жоғары шешім.

Төмен пайызбен несие беру Қазақстанда мүмкін, бірақ ол үшін белгілі бір алғышарттар орындалуы тиіс. Ең алдымен, инфляцияны төмендету қажет. Халықтың табысы өсіп, отандық өндіріс жолға қойылуы керек. Сол кезде ғана экономикамыз әртараптанып, несие жүйесі тұрақты әрі қолжетімді бола бастайды.

ТЕҢГЕНІ ӘЛЕМДІК ВАЛЮТА ДЕҢГЕЙІНЕ КӨТЕРУГЕ БОЛА МА?

Теориялық тұрғыдан алғанда, теңгені де доллар немесе еуро сияқты әлемдік валюта деңгейіне дейін көтеруге болады. Себебі, кез келген ұлттық валюта – егер артында қуатты экономика, тұрақты қаржы жүйесі және халықаралық сенім болса – уақыт өте келе әлемдік айналымға ене алады. Бірақ реалды жағдайға келсек, өкінішке қарай, қазіргі таңда бұл өте алыс перспектива, әрі оған жету үшін ұзақ жылдар мен жүйелі реформа қажет. Неге десеңіз, Қазақстанның қазіргі жаһандық экономикадағы орны өте шағын. Мәселен, 2024 жылғы мәлімет бойынша, еліміздің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) шамамен, 270 млрд. АҚШ долларын құрады. Ал сол

жылы бүкіл әлемнің ЖІӨ шамамен, 105 трлн. долларды құрады (Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес). Яғни Қазақстанның әлемдік экономикадағы үлесі небәрі 0,2%, тіпті 1 пайызға да жетпейді.

Міне, осы жағдайды ескерсек, бүгінгі таңда теңгені әлемдік резервтік валюта немесе кең таралған халықаралық төлем құралына айналдыру – тым алыс мақсат. Экономиканы әртараптандыру, яғни тек мұнай-газ емес, ауыл шаруашылығы, өндіріс, логистика, IT сияқты басқа салаларды дамытайық.

• **Қазіргі жағдайда біз үшін ең маңыздысы – ұлттық валютамыздың ішкі тұрақтылығына қол жеткізу. Теңгенің құнсыздануын тежеу, халықтың оған деген сенімін сақтау – үлкен жетістік болар еді. Төл валютаны нығайтудың нақты жолдары бар. Әуелі инфляцияны төмендету керек.**

• **Сыртқы саудада теңгені пайдалану, әсіресе, Орта Азия елдерімен өзара саудада теңгемен есеп айырысуға көшейік. Егер Қазақстан көрші мемлекеттермен – Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және т.б. елдермен теңгемен сауда жүргізуді жолға қойса, онда теңге аймақтық валюта ретінде белгілі бір деңгейде беделге ие болар еді. Бұл – әлемдік валюта болуға жасалатын алғашқы нақты қадамдардың бірі.**

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Халықтың қаржылық сауаттылығы – тек жеке адамның ғана емес, тұтас елдің экономикалық қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі қаржылық сауаттылық индексі небәрі 40-41% шамасында. Бұл дегеніміз – азаматтарымыздың 60%-ға жуығы қаржылық білім мен дағдыдан мақұрым деген сөз. Соның салдарынан қаншама адамдар қаржылық пирамидалардың, онлайн алаяқтардың құрбаны болуда. Ең қарапайым мысал – тұтынушылық несиеге бату, импульсивті (ойланбай жасалған) сатып алулар, эмоциямен шешім қабылдау секілді қаржылық қателіктер.

Бізде, ашығын айтқанда, тұтынушылық мәдениеті қалыптасқан. Қазір әлеуметтік желілер арқылы «жылтырағанның бәрі алтын» деген ұранмен шалқыған өмірді көрсету сәнге айналды. Оны көрген адам да сондай болғысы келеді – бірақ бұл ұмтылыс сау ақылмен емес, асығыс әрі жоспарсыз әрекетпен жасалып жатады.

Екінші бір маңызды себеп – табыстың төмендігі. Қазіргі таңда 1,5 миллионға жуық адам елімізде ең төменгі жалақы – 85 000 теңгемен күн көріп отыр. Ондай табыс алатын азаматқа «ақшанды жина», «инвестиция сал» немесе «қаржылық сауатты бол» деп айту – шынайылықтан алшақ.

Экономистердің есептеуінше, инфляцияны ескерсек, ең төменгі жалақы кем дегенде 150 мың теңге болуы тиіс. Бұл де-

ректің өзі жағдайдың қаншалықты күрделі екенін көрсетіп отыр. Сондықтан қаржылық сауаттылықты арттыру үшін жүйелі әрі нақты шаралар қажет.

• **Қаржылық білім мектеп бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізілуі керек. Баланы жастайынан ақшаға деген дұрыс көзқарасқа тәрбиелеу – ұзақ мерзімді нәтиже береді. Ата-аналар да қаржылық мәдениетті үйде тәрбиелеуі тиіс. Бұны тек мұғалімге немесе мемлекетке артып қою жеткіліксіз. Мемлекеттік деңгейде ұлттық стратегиялық бағдарлама қабылдануы тиіс.**

Қаржылық сауаттылықты тек бір реттік науқан ретінде емес, үздіксіз ақпараттық-ағартушылық жұмыс ретінде қарау керек. Бұл тақырып теледидардан бастап TikTok-қа дейінгі барлық медиада кең насихатталуы тиіс. Қарапайым тілмен, мысал арқылы, шынайы оқиғалар негізінде түсіндіру маңызды.

• **Жапония немесе Скандинавия елдеріндегідей, қаржылық мәдениетті өмірлік философия деңгейіне жеткізугіміз керек. Ол үшін кішкентай жастан бастап «ақша – мақсат емес, құрал» деген ұстанымды сіңірген жөн.**

Қаржылық сауаттылық – бүгінгі емес, болашақ ұрпақтың ертеңін айқындайтын аса маңызды фактор. Сондықтан бұл мәселе жәй ғана білім беру емес, ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың бір бөлігі ретінде қаралуы тиіс.

АЛМАТЫНЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ ЗОР

Алматы қаласы – еліміздің экономикалық және қаржылық астанасы деп бекер аталмайды. Себебі, ресми мәліметтер бойынша, Алматы Қазақстан ЖІӨ-нің шамамен, 5/1 бөлігін, яки 20-21% аралығын қамтамасыз етіп отыр. Бұл – бір ғана қаланың ел экономикасындағы орасан үлесін көрсететін нақты дерек. Алматының мұндай көрсеткішке жетуінің бірнеше себебі бар. Халық тығыз орналасқан – елдің түкпір-түкпірінен адамдар Алматыға көшіп келуде. Урбанизация деңгейі жоғары – инфрақұрылым, көлік, байланыс, тұрғын үй құрылысы жақсы дамыған. Қызмет көрсету секторы қарқынды – халық көп болған соң, сұраныс та жоғары. Бұл – бизнес пен кәсіпкерліктің дамуына серпін береді. Қаржы ұйымдары – еліміздегі ірі банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық қорлар Алматыда шоғырланған. Сауда-саттық пен салық түсімі жоғары – Алматы қаласы республикалық бюджетке де көп қаражат түсіріп отыр.

Алматы – негізінен сауда, қызмет көрсету және қаржы саласына бейімделген мегаполис. Ал өнеркәсіптік, өндірістік әлеуеті аса жоғары емес. Есесіне, басқа өңірлер – мысалы, ШҚО, Қарағанды, Павлодар – өнеркәсіпке икемді, бірақ олардан халықтың жаппай кетуі байқалады. Бұл үрдіс бірнеше мәселені туындатады. Басқа қалалар инфрақұрылымдық, әлеуметтік жағынан артта қалып қоюы мүмкін. Кадр тапшылығы байқалады – жастар мен білікті мамандар Алматы, Астана секілді қалаларға кетіп жатыр. Инвестиция көбіне тек дамыған аймақтарға бағытталады, бұл өз кезегінде теңсіздікті тереңдетеді. Ал мемлекет саясатының басты мақсаты – тек Алматыны ғана емес, өңірлерді де дамытып, теңгерімді экономикалық өсуге қол жеткізу. Себебі, миллион тұрғыны бар қалалар саны артқан сайын – қаржы қазынаға көбірек түсіп, жұмыс орындары ашылып, ішкі миграция теңеліп, аймақтық тұрақтылық артады. Сондықтан ұзақ мерзімді даму стратегиясында өңірлер арасындағы алшақтықты азайту, тең мүмкіндіктер жасау – басты назарда болуы қажет.

Алматы – локомотив қала, бірақ ол жалғыз өзі бүкіл елді алға сүйрей алмайды. Ел дамуы үшін өңірлік қуатты орталықтардың әрқайсысы өзінше өркендеуі тиіс. Бағыны реттеп, өндіріс орындарын ашып, қазба байлыққа сеніп отыра бермей, зауыт пен фабрикалар ашу қажет. Сонда ғана нарықта отандық өнімнің үлесі артып, инфляция төмендейді, халықтың табысы артады. Әртараптандыған қуатты экономика, елді мықты державаға айналдырады.

**Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ОЙТАЛҚЫ

АРМАНҒА АЙНАЛҒАН АВТО

Отандық көлік нарығына субсидия қажет

Бүгінде елімізде ескі көліктер көбейіп бара жатыр. 20 жастан асқан автокөліктердің саны бір жылда 4% көбейіп, 2 млн.-ға жуықтады. Осындай техникалық талапқа сай емес темір тұлпарлардың салдарынан апаттар жиілейді. Қоршаған ортаны ластамайтын, үнемді көлік түрлерін дамыту – заман талабы. Бұл ретте электромобильдер мен электрокарлардың маңызы жоғары. Бүгінгі таңда көлік иелері электр қуатымен жүретін көліктерге бет бұра бастаған. Сондықтан отандық автонарықты дамыту және мемлекет тарапынан тиімді субсидиялау жүйесін енгізу қажет. Сонда ғана ел тұрғындарына қолжетімді, сапалы әрі экологиялық таза көлік қолжетімді болмақ.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жақында автоорталықтарды аралаудың сәті түсті. Мақсат – бағасы тиімді тәуір көлік іздеп табу. Базар күнгі кептеліс, қоғамдық көліктегі адамның көптігі таңқалдырды. Күн ыстық, жол бітпейді. Бас-аяғы 1,5 сағат дегенде диттеген орынға да жеттік. Талғар тасжолының бойы жүйткіген көлік, қаз-қатар тізілген жаңа үйлер, зәулім салтанат сарайлары, көздің жауын алатын автонарық. Жаяулай шетінен қарап келем. Жаңа және жүрілген көліктен көз сүрінеді. Көбісі автотұрақта өз қожайынын күтіп тұрғандай. Шаң басып, күнге қақталып тұрғандары қаншама. Шіркін, біреуін мінер ме еді деп таңдай қағасыз. Бұрын тізілген автоқатарды қалағаныңша аралайтын едік. Қазір ереже өзгерген.

Менеджер қасында жүрмесе, өзің аралап, ұнатқаныңды таңдауға рұқсат жоқ. Алдын ала автосайттан немесе өзің баратын автоорталықтың ғаламтордағы мекенжайынан керекті машинаны таңдап бару керек екен. Олай болатын болса, шаршап-шалдығып барудың не қажеті бар? Одан да үйде жатып, керекті мәліметті ала берген дұрыс емес пе?!

Менеджер жаныңнан ұзамайды. Құдды бір қарауылың сияқты. Емін-еркін аралауға рұқсат бермейді. Автокеңесші де күні бойы қаншама адамға қызмет көрсетеді. Ол да қалжыраған. Оның шаршаңқы жүзіне қарап, өзіңнің де дегбірің қашады. Ұялғаннан біршама аралаған боп қайтық.

Мен сияқты автонарықты аралап, арманда жүрген жан көп. Қытайдың арзан жаңа көлігін алуға болады әрине. Бағасы – 5-6 миллион теңгеден басталады. Атақты америкалық, германиялық, жапондық көліктерінің бағасы 10-11 миллионнан әрі асады. Олардың бастапқы жарнасының – өзі 2-3 миллион теңгенің төңірегі. Ал шетелдік, жылы жаңалау, техникалық жағдайы жақсы деген көлікті 4-6 миллион теңгеге ала аласың. Қазақстанда 1 жыл транзит нөмірмен айдауға болады. Одан кейін утильалым мен алғашқы жарнасына кемі 3-4 миллион теңге төлеу керек. Сонда бәрібір автоорталық бағасымен тең. Осылайша өзі қалаған тәуір көлікті ала алмай, талай адам әбігерге түсіп жүр.

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, көлік алуға ниетті азаматтар шарықтаған баға, утильалым мен алғашқы жарна, шектеулі автонесие секілді кедергілерге тап болып, армандаған темір тұлпарға қол жеткізе алмай отыр. Жол қауіпсіздігі, экология және сапасыз көлік экспорты тағы бар. Бұл ретте қоғамдық көлік сапасын арттыру маңызды. Ертеңгі күні BRT (Bus Rapid Transit), метро, троллейбус желілері кеңейіп, жүйелі де уақытылы жүретін жағдай қалыптасса, азаматтардың жеке көлік ұстауға деген қажеттілігі біртіндеп азаяды.

Себебі, көлік ұстау – тек еркіндік емес, салық, айыппұл, техникалық қызмет секілді қосымша шығындармен байланысты. Қалалық көлік жүйесі ыңғайлы, қауіпсіз әрі сенімді болғанда – тұрғындар экологияны ластайтын ескі көліктерден бас тартып, тиімді әрі ұтымды қоғамдық көлікке көшеді. Сонымен бірге, электромобильдер мен электрокарлар инфрақұрылымын қалыптастыру, ескі көліктердің елге енуіне шектеу қою – маңызды шаралар қатарында. Осындай кешенді өзгерістер жүзеге асқанда ғана халыққа қолжетімді, сапалы әрі экологиялық таза көлік қолжетімді болады.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Аманбек ӘУЕЛБЕКОВ,
жүргізуші:

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН КӨЛІК АЛУ – ҚҰР ӘУРЕШІЛІК

Көп адам жаңа көлік сатып алғысы келеді. Алайда, автосалондағы, интернет жарнамадағы автокөліктің бағасын көріп, тайсалып қаласыз. Әлеуметтік желіні ашсаң да, теледидардың пернесін басып қарасаң да, көлікке жарнама көп.

Шын мәнінде хабарласып, біле қалсаңыз, тым қымбат. Автоорталықтағы жаңа Toyota Corolla маркалы көлігі 11–13 миллион теңге аралығын қамтиды. Ал қытай көліктерінің құны 5-6 миллион теңгеден асады. Шарықтаған бағаларға қарап, отандық көлік өндірісі неге дамымайды, шығарылған көліктер неліктен арзан болмайды деп ойланасыз. Егер отандық көліктер Алматы, Астана, Шымкент сияқты үлген мегаполистерде шығарылып, қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді. Сонда шетелдік көліктерді жұрт керек етпейді. Отандық көлік өндірісі дамыса, аталған мәселе өздігінен шешіледі.

Жақында ауыл арасында жүруге көлік алдық. Қазақта «Арзанның құны татымас» немесе «Жүрсе көлік, жүрмесе өлік» дейді. Тегі рас айтылған тәмсілдер. Тозығы жеткен көлік алып, ұзақ міну деген құр әурешілік екен. Мүмкін болса, аз жүрілген, күтіліп ұсталған, техникалық жағдайы жақсы көлік алған дұрыс.

Қазақстанда утильалым, алғашқы жарна деген ұғымдар жиі айтылады. Бұл мәселеге талай мәрте көлік тізгіндеушілер үн қосып, мәселені шешу жолдарын айтты. Алайда, сең қозғалар емес. Біздіңше 2010 жылдан бергі немесе жүрілгеніне 10 жылдан аспаған көлік әкелуге ғана рұқсат берсе, ескі-құсқы темір-терсек елге кірмес еді. Сонда біздегі 30–40 жылдан асқан көліктер жаңарып, ел-жұрт өзіне тәуір көлікке алмастырып алар еді. Мұның бәрі істеуге болатын, қолдан келетін дүние ғой.



Құрбанбай ОСПАН,
автосарапшы:

АВТОНАРЫҚ ТЫМ ҚЫМБАТ

Жаңа көлік – көңілдің ырысы. Кез келген жерде бұзылып, мазаңды қашырмайды. Ең бастысы, диттеген жеріңе аман-есен апарады. Биыл 3,5 миллион теңгеге Chevrolet сатып алдым. Жүрісі жақсы, жанармайға

эконом, нағыз шаруаның көлігі. Бәріміз қымбат көлік алғымыз келеді. Джиі тізгіндеп жүргенге не жетсін?! Бірақ оған әзір шама келмейді. Бәлкім, болашақта қымбат маркалы автомобиль жүргізіп қалармыз.

Автонарық тым қымбат. Жаңа көлік алуға қомақты қаражат керек. Армандап, көздеп жүрген көлікті алу үшін ішпей-жемей 5–10 жыл үздіксіз жұмыс істеу керек. Жүдә болмаса, Корея, Англияға барып 2-3 жыл аянбай қызмет атқару қажет. Сонда ғана табыс еселеніп, ойлаған шаруа оңалады. Мол қаржы да жиналатын сияқты. Әйтпесе, 150–200 мың теңге айлықты отбасыға, жүріп тұруыңа әзер жеткізесің. Мүмкін, ептілер бизнеспен айналысып, көп қаржы табар. Алайда, өзім мұғалім болғандықтан, ондай көп қаржыны жинай алмасым анық. Өз ойым, отандық көлік нарығына субсидия қажет сияқты. Әйтпесе, автонарық қымбаттап, ескі көлік қаптап, халық тозығы жеткен машинаны айдап әбігерге түсетін түрі бар. Қазақстанда көлік арзандаса деген ниеттеміз. Ең негізгісі, ерінбей еңбектенген абзал. Сол кезде ғана сынбайтын, жанұяның барыс-келісіне жарайтын, тәуір темір тұлпар бұйырады.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.





Қазақстан – тарихи тұрғыдан алғанда діни толеранттылық пен бейбіт өмір сүрудің үлгісі саналған ел. Дегенмен, соңғы онжылдықта әлемдегі жаһандану, ақпарат тасқыны және әлеуметтік мәселелердің ушығуы салдарынан дәстүрлі емес, жат діни ағымдар да қоғамға еніп отыр. Бұл құбылыс әлеумет үшін үлкен қауіпке айналып барады.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ – ұлттық бірлік пен тұтастық кепілі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жақсылық
РАХЫМБАЙ,
дінтанушы:



Ұлт пен ұлыстың негізі бір

Қасиетті Құран Кәрімде «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Уа, адамдар! Шүбәсіз сендерді бір ер мен бір әйелден жараттым. Сондай-ақ, сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдында ең ардақтыларың – тақуаларың», – делінген. Бұл аятта бізге барлық адамзат Адам-Ата мен Хауа-Анадан тарағанын ескертеді. Ұлт пен ұлыстың негізі – бір. «Дінсіз ұлт, ұлтсыз дін болмайды» деген пікірмен келісемін. Әр ұлттың өзіне тән діні бар және әр діннің өкілі өз дінін хақ деп есептейді. Дінімізге еркіндік берілгелі бері әр адам өз сенімі бойынша таңдау жасауға мүмкіндік алды. Осы орайда миссионерлердің жұмысы да қарқынды дами бастады.

Миссионерлік – діни ұйымдардың білімін, ілімін таратуға бағытталған діни және саяси қызмет. Олардың шоқындыру саясаты әсіресе Африка мен Азия халықтары арасында кең таралған. Бұл мақсатты түрде, жүйелі жүргізілуде. Миссионерлер халықтың дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, дүниетанымы мен психологиясын терең зерттеп барып, жұмыс жүргізеді. Көптеген миссионер жергілікті халықпен бірге тұрып, сол елдің салт-дәстүрін үйреніп, соған бейімделіп жұмыс істейді. Адастырушы топтармен күресу мақсатында АТТ (Ақпараттық-түсіндіру тобы), ЖАТ (Жергілікті ақпараттық-түсіндіру тобы) сияқты құрылымдар әкімдіктер жанында жұмыс істеп жатыр.

Бұл топтардың міндеті – жат діни ағымдарға қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халыққа дұрыс бағыт-бағдар беру. Адастырушылар адамның сеніміне кіріп алған соң, олармен жұмыс істеу өте қиынға соғады. Дегенмен, оларды тоқтатуға болады. Ол үшін халықтың діни сауаты жоғары болуы қажет.

сихаты өршіп тұр. Діни білім жағынан сауаты таяз, эмоция жетегінде немесе қиын әлеуметтік жағдайлардан құтылғысы келгендер «ақиқат жолы – осы» деп сендірген ағымдарға еріп кете барады.

Көбіне ауылдан қалаға көшіп келген, жаңа ортаға бейімделе алмаған жастар; жұмыссыздық пен кедейліктен шаршаған отбасылар; өмірден өз орнын таппай, жалғыздық пен психологиялық күйзеліске түскен азаматтар; діни сауаты төмен адамдар жат ағымдардың құрбанына айналады.

Қандай ағымдар қауіпті?

Бүгінде Қазақстанда дәстүрлі емес христиандық секталар (иеговистер, мормондар, харизматтар); псевдомұсылмандық радикалды топтар (ваххабизм, тәкфиршілер, салафизмнің қатігез тармақтары); түрлі эзотерикалық культтер; күмәнді «емші» және «рухани ұстаздардың» топтары өз идеологиясын таратуға тырысып жүр.

Олардың мақсаты – адамды қоғамнан оқшаулау, отбасы мен достарынан ажырату. Әсіресе, материалдық тұрғыда қанау, заңсыз әрекеттерге (экстремизм, лаңкестік) итермелеу қаупі басым.

Жат ағымдардың кесірінен азаматтар ұлттық құндылықтарынан айырылады; отбасынан ажырайды, қоғамнан оқшауланады; психологиялық және материалдық қиын жағдайға тап болады; мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Кейбір ел азаматтарының шетелдегі қарулы қақтығыстарға кетіп, діни себеппен лаңкестік әрекет жасағаны да белгілі.

ТҮЙІН:

Жат діни ағымдарға кіріп адасу – бір ғана адамның емес, бүкіл қоғамның трагедиясына әкелетін күрделі мәселе. Біздің дәстүрлі дініміз ислам қоғамды қай кезде де сабыр мен сыйластыққа, әділет пен ізгілікке шақырған. Сондықтан әр азамат өзі мен жақындарының діни сауатын арттырып, күмәнді идеологиялардан сақ болуы тиіс. Бұл – ұлттық бірлік пен ел тұтастығын сақтаудың кепілі.



Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

Адамның табиғи-әлеуметтік болмысына тән құбылыс

Адамзат баласының тарихы – сан ғасырлық эволюциялық даму жолы. Әр дәуірде адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын реттеп, олардың өміріне жан бітірген рухани және әлеуметтік құндылықтар қатар дамып отырды. Соның ішінде ұлт пен дін адам болмысының ажырамас бөлігі ретінде қалыптасты. Ұлт – ортақ жер, тіл, әдет-ғұрып пен тұрмыс арқылы пайда болған табиғи-әлеуметтік бірлік болса, дін – белгілі бір сенім жүйесіне негізделген рухани құндылықтар жиынтығы.

Ең қымбат қазына – адам және оның өмірі

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп атап көрсетілген. Зайырлылық – қоғамда діни сенім бостандығын қамтамасыз ететін, дінді мемлекеттен, саясаттан бөліп қарастыратын ұстаным.

КЕРЕК ДЕРЕК

Қазақстан халқының діни құрамының мөлшерлі үлесі:

- Ислам – 70–75%
- Христиан – 20–25%
 - православие – 19–20%
 - католицизм – 1–2%
 - протестанттар – 1–2%
- Буддизм – 0,1%
- Иудаизм – 0,1%
- Атеистер / Агностиктер / Өздерін ешқандай дінге жатқызбайтындар – 3–5%
- Басқа діндер («Кришнаиттер», «Бахаи» және т.б.) – 0,1%

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарда дінге еркіндік беріліп, әркімнің сенім таңдауына мүмкіндік жасалды. Өкінішке қарай, мұны діни миссионерлер мен радикалды топтар өз мүддесіне пайдаланып кетті. Әсіресе, жастар арасында түрлі жат ағымдардың белсенді үгіт-на-



(Сурет: kazislam.kz алынды).

АДАЛ АЗАМАТ

Бағдат АНАРБАЕВА,
Волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі:



Біреуге көмектесу немесе жақсылық жасау үшін міндетті түрде бай болу шарт емес. Кейде бір жұтым су, бір ауыз жылы сөз немесе қас-қағым сәт – адам тағдырын өзгертуге жеткілікті.

Мейірім тұнған қала

Француз ойшылы Дени Дидро: «Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген екен. Бұл сөз еріктілердің шынайы болмысына дәл келетіндей. Расында да, еріктілік – жастардың белсенділігін көрсететін, өмірлік тәжірибе жинауға, жан-дүниесін тануға және болашаққа сеніммен қадам басуға жол ашатын үлкен мектеп.

Волонтерлер өзгеге қолдау көрсетіп қана қоймай, жанға жылу сыйлайды. Олар – еңбегіне ақы сұрамайтын, жүрек қалауымен жақсылық жасауға ұмтылатын жандар. Қиын сәтте қолұшын созып, азаматтық қоғам игілігі үшін үнсіз еңбек етіп жүрген бұл қамқор жүректер біздің елімізде аз емес.

Бүгінде осындай ізгі істің алдыңғы шебінде жүргендердің қатарында – алматылық еріктілер де бар. Біздің қалада еліміздегі ең ауқымды әрі белсенді волонтерлік желілердің бірі жұмыс істейді. Олар әлеуметтік, экологиялық, білім беру және қайырымдылық бағыттарында көптеген игі бастамаларды қолға алып, қоғамның әр саласына жанашырлық дәнін сеуіп келеді. Мәселен, еріктілер қажет болған жағдайда балалар үйінің тәрбиеленушілерін түрлі іс-шараларға ертіп барады, әлеуметтік асхан топтардан шыққан жасөспірімдерге арналған шеберлік сағаттары мен танымдық кездесулер ұйымдастырады, қала аумағын көгалдандыруға және тазалауға қатысады. Сонымен қатар, қарттарға, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсететін жобаларда да белсенділік танытады.

– Біз инклюзивті іс-шараларға, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне және қалалық жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударамыз. Қазіргі таңда волонтерлер өз идеяларын ұсынып, оны іске асыра алатын бастамашыл тұлғаларға айналып келеді. Бұл – еріктілер қозғалысының кемелденіп, жаңа деңгейге көтерілгенінің дәлелі, – дейді Алматы қаласындағы Волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Бағдат Анарбаева.

Мемлекет көрсеткен қолдау

Бағдат Бекболатқызының айтуынша, бүгінде Алматыда 58 мыңнан астам ерікті тіркелген. Олардың қатарында жастар ұйымдарының мүшелері, студенттер, мектеп оқушылары, түрлі сала мамандары мен қоғамға бей-жай қарамайтын қала тұрғындары бар. Ал олардың барлығын біріктіретін ортақ қасиет – уақытын да, күшін де ортақ игілік үшін бөлісуге дайын тұратын жанашыр жүрек.

– Соңғы жылдары еріктілікке деген қызығушылық, әсіресе, жастар арасында айтарлықтай артты. Бұған бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, елімізде қоғамдық жауапкершілік мәдениеті біртіндеп қалыптасып келеді. Екіншіден, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау – ерекше рөл атқарды. Әсіресе, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылдың Волонтерлер

БІЗ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫ АДАМДЫҚ БОРЫШ ДЕП ТҮСІНЕМІЗ

Алматыда 58 мыңнан астам ерікті тіркелген

жылы деп жариялануы бұл саланың дамуына тың серпін берді. Содан бері волонтерлік қозғалысқа жоғары деңгейде қолдау бар, – дейді Бағдат Анарбаева.

Бүгінгі таңда елімізде волонтерлерге арналған фронт-офистер көптеп ашылып, түрлі бағыттағы ұлттық бағдарламалар жүзеге асуда. Сондай-ақ, волонтерлерді қолдауға бағытталған нақты тетіктер қалыптасты. Мұның барлығы еріктілер қозғалысына деген сенімді күшейтіп, жастарға қоғамдық маңызы бар істер арқылы өзін дамытуға мүмкіндік берді. Бүгінде еріктілер әлеуметтік бастамалардың бел ортасында жүр, тіпті олардың басым бөлігі жаңа жобалардың бастамашысы атанып келеді.

– Адам өз уақытын, күш-жігерін өзгелер үшін ақы сұрамай-ақ арнаса – ол гуманизм мен азаматтық сананың тірегі болып табылады, – дейді Бағдат Анарбаева.

Сын сағатта сыр бермеген жүректер

Еріктілер – біреудің мұңын бөлісуді өзіне парыз санайтын жандар. Олар өзгеге түскен ауыртпалықты алыстан бақылап тұра алмайды, жүрекпен сезінеді, қолымен жеңілдетуге тырысады.

2020 жылғы пандемия кезі – соның бір дәлелі десек болады. Естеріңізде болса, сол кезде Алматыда арнайы волонтерлік штаб құрылып, құрамында 50-ден астам ерікті күн-түн демей жұмыс істеді. Олар дәрі-дәрмек пен азық-түлікті мұқтаж жандардың үйлеріне тасып, әрбір есікке үміт арқалап барды.

– Біз өз жұмысымызды ақы алу үшін емес, адамдық борыш деп түсіндік, солай түсінеміз де. Өз денсаулығымыз бен жақындарымыздың қауіпсіздігіне алаңдасқа та, шетте қала алмадық. Себебі, біздің көмегімізге мұқтаж адамдар бар екенін сезіндік. Сол сәттер ешқашан ұмытылмайды, – дейді Бағдат Бекболатқызы.

Сол кезеңде еріктілер шамамен 18 мың алматылыққа көмек көрсетті. Олардың көбі – жалғызбасты зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар еді. Кейде волонтерлер түнделетіп азық-түлік себеттерін жинап, таң ата мекенжайларға таратып отырған.

Бағдат Анарбаеваның айтуынша, айналасындағы адамдарға көмектесуге деген шынайы ниет – қоғамның кемелдікке бет алғанын көрсетеді. Бүгінде еріктілер қатарын тек мектеп оқушылары мен студенттер ғана емес, зейнеткерлер де толықтырып жүр. Егде жастағы азаматтар көбіне білім беру бағытында қолғабыс жасауда. Мәселен, Алматыдағы «Шыңға өрлеу» клубында қариялар аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға тегін сабақ береді. Бұл – елімізде «күміс еріктілік» бағытының белсенді дамып келе жатқанының дәлелі.

«Асардың» бүгінгі бейнесі

Қазақ халқының болмысында қайырым мен жанашырлық ежелден бар. «Асар» деген ұғым соның дәлелі. Ата-бабамыз бірінің басына күн туса, бүкіл ауыл болып жұдырықтай жұмылып, көмегін аямайтын. Бұл – ешқандай ақы-пұл сұрамай, шын ниетпен, риясыз жасалатын көмек түрі еді. Үй салу, шөп шабу, мал іздеу – бәрі де асар арқылы атқарылған.

Өзіміз де бала күнімізде «жұрт болып жұмылайық», «асарлатып бітіріп тастайық» деген сөздерді талай естідік. Шынтуайтында, біреуге жәрдемдесу қазақ үшін міндет емес, мәртебе болғанын көрсетеді. Бүгінде ауылдарда бұл дәстүр әлі де сақталған. Ал қала жағдайында дәл осы ұлттың асарын жаңа сипатта жалғап келе жатқан – волонтерлер. Қазіргі еріктілер қозғалысы – сол көнеден жеткен асардың жаңаша көрінісі, заманауи жалғасы. Сондықтан да бұл қозғалыс біздің ұлттық тәрбиемізбен, дүниетанымымызбен тамырлас.

Ендеше, Алматыдағы еріктілер бүгінгі күннің заманауи асаршылары десек, артық айтқандық емес. Олар бүгінде ағаш отырғызып, қала тазалығына үлес қосып қана қоймай, балалар үйлеріне барып, қарттармен жүздесіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп жүр. Қай жерде көмек керек – сол жерде волонтерлерді кездестіруге болады. Өйткені, олар үнсіз жүріп үлгі көрсетіп жүрген мейірімді жүрек иелері.

2024 жылдың өзінде алматылық еріктілер 592 тонна гуманитарлық көмек жинап, жүздеген отбасына демеу болды. 700-ден астам жас арнайы дайындықтан өтіп, алғашқы көмек, көшбасшылық, жобалық басқару секілді дағдыларды меңгерді. Қазір олар қаладағы ірі іс-шаралардың алдыңғы қатарында – халықаралық форумдар-

дан бастап, сенбілік пен фестивальге дейін белсенді атсалысып жүр.

Олар сөзбен емес, іспен сөйлейді

Бүгінде Алматыдағы Волонтерлер фронт-офисі мен қалалық Жастар саясаты басқармасы бірігіп, еріктілердің білімін арттыру мен жаңа мүшелерді тартуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізуде. Қозғалыстың ауқымы күн санап кеңейіп келеді. Арнайы мотивациялық бағдарламалар әзірленіп, алғашқы көмек көрсету, көшбасшылық, іс-шара ұйымдастыру мен жобалық басқару бойынша тренингтер қолға алынған.

– Волонтерлік – бүгіннің ғана емес, ертеңнің де айнасы. Қоғам мейірімді болсын десек, әр бала осы мәдениетті бойына сіңіруі керек. Менің арманым – еріктілік жастардың өмір салтына айналса деймін. Сонда біз шын жанашыр қоғам құрамыз, – дейді Бағдат Анарбаева.

Шетел тәжірибесі: бізге де керек бастамалар

Алматыда еріктілер саны артты делік, бірақ бұл сан сапаға айналды ма? Жоғарыда айтқанымыздай, қалада 58 мыңнан астам волонтер тіркелген екен. Ұзынқұлақтардан естіуімізше, 8 мыңы ғана белсенді көрінеді. Олар ауруханаға көмектесіп, сенбілікке шығып, жалғызбастыларға жәрдемдесіп жүр. Соған қарағанда, соңғы жылдары волонтерлік «міндеттелетін» үрдіске айналып бара жатқан жоқ па деген ой келеді.

Көптеген оқу орындарында еріктілікке қосымша балл қойылады-мыс. Ал бұл жастардың таңдауын шынайы еріктіліктен алыстатып, формалды әрекетке айналдыруы мүмкін.

Мәселен, шетелдік тәжірибеде еріктілік азаматтық жауапкершілікпен өлшенеді. Канадада мектеп бітіру үшін 40 сағат еріктілік жұмыс жасау міндет. Гарвард сынды университеттер студенттерге бір жыл үзіліс алып, қоғамдық қызметке араласуға кеңес береді. АҚШ-та волонтерлер жыл сайын экономикаға 200 млрд. доллар пайда әкеледі. Оларда бұл жүйе құрмет пен сенімге негізделген.

Ал бізде ше? Волонтерлік еңбек оқу, жұмысқа орналасу кезінде еленбейді. Еріктілердің тәжірибесі, уақыты, еңбегі бағаланбайды. Бұл жастардың мотивациясын түсіретіні анық. Сондықтан еңбек өтіліне енгізу, әлеуметтік қолдауға қосу – бізге де керек бастамалар деп ой түйеміз.

Қаржыландыру да – әлсіз түс. Қайырымдылық қорлары мен демеушілер тарапынан көмек бар. «Тепло» «Qatqog», «Қазақстан еріктілер лигасы» сынды ұйымдар құрал-жабдықпен, азық-түлікпен көмектеседі. Бірақ бұл көмектің бәрі жүйелі емес. Кейде волонтерлер өз есебінен жол жүреді, керек-жарағын өзі алып келеді.

Бізде оқыту жағы жолға қойылып келеді. Жастар ресурстық орталықтары мен QazVolunteer.kz платформасында тренингтер бар. Дегенмен, волонтер болуға ниетті жандардың бәріне бірдей сапалы білім мен тәжірибе жетпейді. Әсіресе, шалғай аудандарда бұл бағыт өте әлсіз. Ал шын мәнінде, еріктілік – қоғамды біріктіретін күш. Бұл – жүректен жасалатын көмек.

Еріктілер қозғалысы дамуы керек. Бірақ ол мәжбүрлеусіз, есепсіз, шынайы болуы қажет. Сонда ғана қоғамға пайдасы тиеді. Қазір бізге керегі – науқаншылдық емес, нағыз қажет сәтте үнсіз көмек көрсете алатын еріктілердің көбеюі. Сіз не дейсіз, оқырман?!

P.S. Сіз күн сайын Алматы көшелерінен еріктілерді көрмеуіңіз мүмкін. Бірақ олардың ізі мен ізгілігі дәл жанымызда – көпбалалы отбасының босағасында, қарт адамдардың шаң басқан есігінде, баланың жымиған жанарында бар. Бір кесе шай, уақытылы жеткізілген дәрі, үмітке толы бала күлкісі – бәрі де солардың еңбегімен астасып жатыр. Қайырымды қоғам – елдік пен ерліктің, мейірім мен жанашырлықтың, береке мен бірліктің негізі. Жақсылық пен мейірімді көпсінбей, сауапты саудаламай, қолынан келген көмегін аямаған әр ерікті – осы қағидаттардың тірегі. Олар сөзбен емес, іспен сөйлейді. Өйткені, жақсылықты насихаттау – бір бөлек, ал оны жасау – нағыз ерлік. Міне, біздің еріктілер күн сайын осы ерлікті үнсіз жасап жүр.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ПЕДАГОГИКА

Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ:

АДАСҚАНДЫ ЖОЛҒА САЛУ –

аға буын ардагерлердің міндеті

«Өз пайдаңды ойлама, ел пайдасын ойла, өз пайдаң соның ішінде» деген Жүсіп Баласағұнның философиялық ой-пайымы бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналғандай. Рухани өміріміздің ертеңін ойлап, кемел биікке көтеріміз десек, оның ба-сында адами ресурс тұр. Әдетте, жастар – бо-лашағымыз, жастардың қамын ойлап жағдай жасау, жол көрсету – аға буынның еншісінде деп жиі айтамыз. Осы ретте жастарға жол көр-сетіп, ақылшы ретінде бағыт беріп жүрген Абай атындағы ҚазҰПУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы, қалалық Ардагерлер кеңесінің жас-тарға рухани-адамгершілік патриоттық тәрбие беру қоғамдық кеңесінің төрағасы, педагогика ғылымының докторы, профессор Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВТІ әңгімеге тартқан едік.

Адами асыл қасиеттен арылмаған жөн

– Берікжан Айтқұлұлы, қоғамда «жаңа қазақ-стандық патриотизмді қалыптастыру, іргетасын бекіту қандай ілімге негізделіп, неге бағытталуы керек?» деген мәселелер көп айтылып жүр. Бұл ба-ғыттағы сіздің ұстанымыңыз қалай?

– Әрине, рухани өміріміздің ертеңін ойлап, оны өзінің кемел биігіне көтеріміз десек, адами асыл қасиеттен арылмағанымыз жөн дер едім. Ұлттық руханияттың отын сөндірмей, әр заман өз тұлғаларының өмір тынысын жете түсініп, оларды келесі буын ұрпақтарымен қауыштыра білсе, біздің басты парызымыздың орындалғаны емес пе? «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды» деген Әбіш Кекілбайдың сөзімен айтар бол-сақ, артымыздан ерген алтын тірегіміз жастарға көңіл бөліп, олар қоғамның әлеуметтік байлығы екенін назар-дан тыс қалдырмағанымыз абзал.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан азамат-тарының, әсіресе, жастардың еңбекқорлық қағидатын ұстануы маңызды. Сырттан көмек күтудің қажеті жоқ. Қазір заман басқа, яғни маңызды шешімдердің уақыты, серпіліс жасайтын сәт. Жастар болмаса, мұнымен кім айналысады?» дей келіп, белсенді жас қазақстандықтар-ға әрдайым қолдау көрсететінін айтқан болатын. Қазақ халқының ғасырлар бойы тарихпен бірге біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері, бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдеби-музыка-лық, кәсіби-тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр.

Міне, бүгінде осы мақсатта жоғары оқу орындары, колледж, мектеп дейсіз бе, ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосып жатыр. Жас буынның рухани дамуына, халқының өмір сүретін ортасына деген құрметі мен сезімін оқу орындарының қабырғасынан бастап үйрету, әр баланың ұлттық рухта тәрбиеленуіне негіз болмақ. Ұлттық рухты бойына сіңіре отырып, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәс-түрін санасына сіңіргенде ғана адамның бойында патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік оялатыны мәлім. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақыл-ды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы екенін естен шығармаған жөн.

«Жастар – қарттардың көзі, қарттар – жастардың тезі»

– Қалалық Ардагерлер кеңесінің жастарға руха-ни-адамгершілік патриоттық тәрбие беру бағда-рында атқарып жатқан жұмыстарына тоқтала кет-сеңіз...

– Үлкен қаланың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, қоғамның дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан Алма-ты қалалық, аудандық Ардагерлер кеңестерінің жұмыс-тарының аса маңызды екенін өзім көріп, біліп жүргендік-тен, тілге тиек еткенім жөн сияқты. Қалалық Ардагерлер кеңесі және шаһардағы сегіз аудандық Ардагерлер кеңесі бірегей кешенді бағдарлама бойынша ардагерлерді қол-дау, көмек көрсету, жастармен кездесу ұйымдастыру, мәдени іс-шараларға қатысу бағдарларын жұмыс жоспа-рына сай жүргізіп жатыр. Жалпы, қалалық Ардагерлер кеңесіне қарасты сегіз қоғамдық кеңес бар. Олар құқық қорғау нормативтері, денсаулық сақтау, әлеуметтік-тұр-мыс, рухани адамгершілік-патриоттық тәрбие, Отан қор-



ғау ерлігін насихаттау, ұлтаралық мәдениет қарым-қаты-насын дамыту, спорт және дене шынықтыру, салауатты өмір салты, қоғамдық-әдістемелік үйлестіру кеңестері деп аталады.

Бүгінде аталмыш кеңесті қалалық Ардагерлер ке-ңесінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері, саясат ғылы-мының докторы, профессор Ақан Бижанов басқарып отыр. Өздеріңізге де белгілі, Ақан Құсайынұлы қоғамдық кеңеске бағыт сілтеп, бағдар бергеннен жалыққан емес. «Үлкен бастар, кіші қоштар» демекші, ұлттық құндылық-тың негізінде «Жастар – қарттардың көзі, қарттар – жас-тардың тезі», жастар – қарттардың көзі болу үшін қарт-тардан жақсы қасиеттерді бойына сіңіре білуі қажет дер едім. Сонда ғана жастарымыз қариялардың жалғасы болмақ.

Аға буынды дәріптей білейік

Осыдан аз уақыт бұрын «Балықты бұлақ» этноауы-лында Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алмас Тілеубаев мен этноауыл иесі Болат Сауранбаев «Көшпенділер» ұлттық ойын сауық кешін ұйымдастырды. Іс-шараға 500-ге жуық қонақтар, аудан ардагерлері қа-тысты. Жоғарыда айтылған ұлттық рухты, патриоттықты бойға сіңіру осының айғағы.

Отанды сүю мен туған елге, туған жерге қызмет ету – сөздің емес, істің жемісі. Бүгінгі таңда әлемдегі барлық мұсылман түркі мемлекеттерінің ішінде жер байлығы мен жер көлемінің аумағы жағынан бірінші орында тұрмыз. Бұл кездейсоқтық дүние емес. Жаратушы иеміздің бізге деген мейірімі мен қамқорлығының арқасы. Кезінде Мір-жақып Дулатов: «Уақыт әлденелерді көнертіп, өшіреді, әлденелерді кенелтіп өсіреді. Көне тозады, жаңа озады» деген-ді. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқы тарихын-да да, педагогикасында да тозған дәуір-дәурені өткен, көнерген қағидалар жоқ емес. Бұл көненің көзіне сүйене отырып, жаңашыл көзқарасты дамыту керектігін білді-реді. Әрине, қай кезде болмасын, жүріп өткен жол әрқа-шан тегіс болмаған. Сол жолдан сүрінбей өткен аға буын-ды дәріптей білейік. Қалалық, аудандық Ардагерлер кеңесі төрағаларының ауқымды жұмыстарына тәнтімін, өткізілген іс-шараларға қатысып, рухты сезіндім.

«Шалдың бүтін шал, күтім шал және түтін шал деген үш түрі болады»

– Әдемі қартаю туралы жиі сөз етеміз. Теріс пікір-лерді де естіп жүрміз. Әрине, бұл да бір рухани көрініс қой. Қартайған шақта да кей жандардың жүзінен нұры төгіліп тұрады. Мұның сыры неде дер едіңіз?

– Бұл ең алдымен, адамның жүрегінің тазалығынан екен. Еңбектен қол үзгенмен, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға үлес қосып келе жатқан ардагер аға буынның жастарға тәрбие беруде алар орны ерекше. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, осындайда ертеректе оқыға-нымды тағы да қайталауға тура келіп тұр. Бала күнімде ауылдың үлкендерінен: «Шалдың бүтін шал, күтім шал және түтін шал деген үш түрі болады» дегенді естігенім бар-ды. Дегенмен, оның астарына үңілмеппін. Есейе келе, бүтін шал әулеттің ғана емес, бүкіл ауыл-аймақты аузына қаратқан ақсақал, күтім шал жұртқа пайдасы ти-

месе де пайдасы жоқ момын қарт, түтін шал жасы келсе де жағымсыз қылығын тастай алмай, жүрген жерін ай-қай-шу етіп жүретін қияңқы шал екенін түсініп жатырмыз. Тұнық бастауында уызына жарып, дәстүріне қанып өскен қыздан ақ жаулықты әже, жас шағында жігері мен намы-сын жерге таптатпаған жігіттен түйгені мол, танымы терең қария шығары анық. Тек, текті тәрбиенің тігісі сөгіле бас-таған бүгінгідей уақытта қай «шалдың» қатары көбейіп кетер екен деген күдік те жоқ емес.

Бұрындары 40-қа толғандарды қара сақал деп, 60-тан асқаннан ақыл сұра деп отырушы еді... Қариялар адам бойындағы мың құбылған мінезді, пенделік тіршілікті, ашкөздікті, тойымсыздықты, қанағаттың жоқ-тығы, дүниеқоңыздыққа, теңсіздікке, алыпқашпа сөзге, еліктеушілікке тосқауыл болатын, оймақтай ой айтып, ұтқыр байлам жасайтын ерекше құрметке ие жандар ғой. Міне, осы тұста мен өз ұлыммен мақтанамын! Өйткені, біз бойында тектілік, кеңпейілділік, абырой, мызғымас күш пен ынта-жігері мол халықпыз.

Табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті

«Жанжалдың шоғы қызарса, ақылдың суын сеп» де-ген бар. Біз ежелден достыққа, бірлікке құштар халық едік қой! Дос болу оңай, оны сақтау қиын. Әкім, билік басындағылар да көктен түскен жоқ, олар да өз ортамыз-дан шыққандар. Дегенмен, «Арғымаққа міндім, шылбы-ры қолымда» деп топтан адасқандар да бар шығар... Ондай сәтте алған білім мен жиған ғылымның пайдасы қайда?! Адасқанды жолға салып, білмегенді білдіру аға буын ақсақалдардың, яғни ардагерлердің міндеті.

Қазіргі кезде Мәдениет Тастанұлы, Сағатұлла Үсем байұлы, Батима Сапықызы, Батай Маманұлы, Тамара Мұхтарханқызы, Ғалия Асқарқызы, Жангелді Сәденұлы, Алмас Абраманұлындай азаматтар басқарған қала аума-ғындағы Ардагерлер кеңестері шаһардың, ауданның ішкі саяси ісіне рең беріп, қолдау көрсетуде. Табанды еңбегі-мен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы келеді. Өйткені, олар «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасына сай жандар.

«Өткен тарих жаңамен бірге жаңаруы тиіс»

Алматы қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы отырысында шаһар басшысы Дархан Сатыбалды: «Өткен тарих жаңамен бірге жаңаруы тиіс. Мақсатымыз – ұрпақ-тар жалғастығы арқылы қоғамдық бірлікті нығайту» дей келе, отбасылық, үй-ішілік, ішкі қауымдастық ұлт татулы-ғына, ұлттық құндылығымызға жеткілікті мән беріп, жұ-мыс атқару қажеттігін атап өтті. Атқарылып жатқан игі іске жағдай жасау, қолдау көрсету керектігін де тілге тиек етті. Әрбір ұлт өнерінің өзіндік өсу, қалыптасу жолы және өзіндік даму сипаты болады. Рухани өмірдің барлық са-ласы өнерде бір-бірімен байланысып, әсерін тигізіп оты-рады. Өміріміздің бастау қайнары бабаларымыздың дәуірінен туындаған болса, қазіргі кезде өміріміз әлемдік өнер көшінің қатарында екендігі дәлелденді. Ары қарай дамыту – парызымыз.

Білім саласында – имандылық, рухани тәрбие жағын күшейту қажет. Осы орайда, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жергілікті Ардагерлер кеңесімен бірге атқарылған жұ-мыстарды атап өтуге болады. Басқарма төрағасы ректор Болат Тілеп жоғары оқу орында әмірлік билік емес, ақыл-парасат билігіне үстемдік беруде. Факультеттер «Ата, Әже, Ата-Ана құндылығы, отбасы» тәрбиесіне кеңінен көңіл бөлуде. Шыны керек, соңғы уақытта отбасы тәр-биесінде олқылық бар екендігін мойындағанымыз жөн. Ақпараттық желі, интернет әлемі арқылы көптеген теріс бағыттар енді. Осыны ескерсек, оқу ордалары ата-ана-лармен, Ардагерлер кеңесімен, үлкен буынмен біте қай-насып, жұмыла жұмыс жасауымыз керек. Саясат пен ақиқат мәселесін әділдік үшін айтар болсақ, халықтың ақиқатқа деген сүйіспеншілігі шексіз.

Сондықтан әр қадамды байқап басу, даурықпай, ап-тықпай ілгері жылжуымыз шарт. Мен өз ойымды «Көңіл-дегі көрікті ойды ауыздан шыққанда өңін қашырып алма-йық» деп Абаймен түйіндегім келіп отыр.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.

КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨМЕК

МӘМС ҚАРАЖАТЫ:

Құны қымбат оталарды сақтандырылған азаматтар төлеген жарна мөлшеріне қарамай жасата береді

Биылғы 5 айдың қорытындысы бойынша Медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласындағы медицина ұйымдарына алматылықтардың алған медициналық көмегі үшін 76,3 млрд. теңге төледі. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14%-ға артық.

МӘМС пакетінен алынған қаражатқа нақты тоқталар болсақ, шығынның басым бөлігі, яғни – 43,8 млрд. теңгесі стационарлық көмекке, шамамен 2,8 млрд. теңгесі – күндізгі стационар қызметіне, 15,2 млрд. теңге – консультативтік-диагностикалық қызметтерге, жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын операцияларға – 10,3 млрд. теңге, медициналық реабилитацияға – 3,7 млрд. теңге жұмсалған.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың арқасында азаматтар жыл сайын түрлі хирургиялық оталарды жасатуға мүмкіндік алып отыр. Олардың арасында бағасын көпшіліктің қалтасы көтере бермейтін қымбат операциялар да бар. Құны бірнеше миллион тұратын қымбат оталарды сақтандырылған азаматтар төлеген жарнасының мөлшеріне қарамай жасата береді. МӘМС жүйесіндегі ортақ жауапкершіліктің мәні осында», – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы директоры Ілияс Мұхамеджан. Мысалы, осы жылы Алматы қаласында жалпы алғанда 8,8 млрд. теңгеге 2995 операция жасалған. Бір отаның

құны орта есеппен 3 млн. теңгеге шығады. Сонымен қатар, 1871 нейрохирургиялық операция жасалған. Оған қор 3,2 млрд. теңге төледі. Тізе және жамбас буындарын алмастыру операцияларына деген сұраныс та өте жоғары. Алматыда 2009 буын алмастыру отасы жасалыпты. Операциялардың жалпы құны 3,2 млрд. теңгеге жетіп жығылады.

Тағы да нейро-қан тамыр және қан тамыр жүйесіне жасаған 2083 отаға қор 2,9 млрд. теңге төледі. Сонымен қатар, мегаполисте жалпы құны 244,7 млн. теңгелік 38 бауыр, бүйрек және жүрек алмастырылды. Мұндай бір отаның құны 10 млн. теңгеге дейін жетіп жығылады және бүгінде бұл шығындар МӘМС қаражаты есебінен өтеліп жатыр.

✓ «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Ең қымбат оталар үштігі

1. Имплантталатын қосалқы жүрек жүйесі (LVAD) – бұл жүрекке қанды айдауға көмектесетін механикалық қондырғы. Ол транслантацияны күтіп жүрген немесе жүрегін алмастыруға болмайтын науқастарға қолданылады. Біреуінің құны – 77,5 млн. теңге. 2025 жылы осындай 1 ота жасалды;

2. Жүректің митралды қақпақшасын алмастыру, құны – 17 млн. теңге. Биыл осындай отаның 2-еуі жасалды;

3. Аллогенді гемопоэтикалық дің жасушаларын алмастыру, құны – 17 млн. теңге.

МАМАН КЕҢЕСІ

Маржан АБДУЛЛАЕВА,
Кардиология және ішкі аурулар F3I №2 терапия бөлімшесінің ревматолог–дәрігері:

РЕВМАТОИДТЫ АРТРИТ

Буындарды қабындыратын ревматоидты артрит – этиологиясы белгісіз созылмалы аутоиммунды ауру. Өткен ғасырдың 80–90–жылдарында бұл негізінен жастар (20–40 жас) дерті болып саналған. Бүгінде адам 50, 70 және 80 жасында да ауырып қалуы мүмкін. Ревматоидты артритпен кішкентай балалар да (негізінен 1 жастан 3 жасқа дейін) ауырады, бірақ ересектерге қарағанда жеңіл өтеді.

Бәрі қарапайым суықтанудан басталады. Әдетте, алдымен жалпы әлсіздік, шаршау пайда болады. Біртіндеп оларға бұлшық еттердің ауыруы, тершеңдік, температураның жоғарылауы қосылады. Содан кейін буындар ауырсына бастайды. Ауру кез келген буынға әсер етуі мүмкін. Тырнақтың сынығыншағы, қаңқа бұлшықеттерінің әлсіреуі, плевриттің дамуы, өкпе тіндерінің зақымдалуы да ықтимал. Олар ревматоидты түйіндердің пайда болуымен бірге жүреді және терінің астында тығыз шар түрінде сезіледі.

Полиартриттің негізгі белгісі – саусақ буындарының симметриялы зақымдануы. Тек осы симптомға сүйене отырып, диагноз қоюға болады. Егер тізе буыны ауырса, бұл басқа аурулардың белгісі болуы мүмкін. Екінші белгісі – таңертең оянған адам алақа-

нын қыса алмай қалады. Ревматоидты артриттің нақты себептері әлем бойынша әлі анықталмаған. Сыртқы әсердің нәтижесінде (вирустық инфекция, күйзеліс, суық тию немесе керісінше ыстық өту) иммунитет дұрыс жұмыс істемейді.

Полиартритті емдеу үшін қазіргі заманғы медицинада базистік терапияны (иммундық жүйе жасушаларының антиденелер өндірісінің белсенділігін төмендететін ем) пайдаланады. Бұл терапияның ерекшелігі – ем алғашқы күннен бастап және өмір бойы жүргізіледі. Науқас дәрі-дәрмекті үнемі қабылдауы керек. Мұндай жағдайларда ауру уақыт өте келе басылады және адамның өмір сүру сапасы жақсы жаққа өзгере бастайды. Емдеу аурудың белсенділігі мен ұзақтығына байланысты. Әр науқас үшін жеке емдеу схемасы таңдалады. Базистік препараттармен стандартты терапияның тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда гендік-инженерлік биологиялық терапия қолданылады.

Сондықтан негізгі терапиямен бірге ауырсынуды жеңілдету үшін тез әсер ететін стероидты емес қабынуға қарсы препараттар, кейде глюкокортикостероидтар қолданылады. Ремиссияға жету үшін негізгі терапияны үздіксіз жүргізу маңызды. Бұл қыздырғыш гелдер, жақпа майлар болуы мүмкін, олар өте терең еніп, буынның өзіне әсер етеді, бірақ әсер ету үшін жақпа күніне екі рет қолданылуы керек. Стероидты емес препараттар қабынуды, ауырсынуды төмендетуі мүмкін.



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ



Сурет: ашық дереккөзден.

ДӘРІНІ РОБОТТАР ДАЙЫНДАЙДЫ

Алматыда елімізде тұңғыш рет химиотерапиялық препараттарды әзірлейтін KiroOncology жүйесі енгізілді

Алматы – онкологиямен ауыратын науқастарға арналған химиотерапиялық препараттарды дайындауда жоғары технологиялы KiroOncology роботын пайдаланатын Қазақстандағы алғашқы қала. Алматы Онкологиялық орталығына осы роботтандырылған жүйе енгізілді.

Бұл жүйе бұған дейін Еуропа мен АҚШ-тың медициналық мекемелерінде қолданылған. Енді, міне, Қазақстанда, оның ішінде біздің мегаполисте онкологиялық тәжірибеде автоматтандыру мен қауіпсіздікті арттыру жолындағы маңызды қадам жасалып отыр.

Бұл технология дәрі-дәрмектерді қолмен дайындаған кезде бұрын цитотоксикалық заттармен байланысқа түсуге мәжбүр болған медициналық қызметкерлер үшін қауіпті айтарлықтай төмендетеді.

Роботтандырылған жүйе екі механикалық манипулятормен жабдықталған, олар препараттарды флакондарға құю және араластыру процесін орындайды. Процесс аяқталғаннан кейін құрылғы пайдаланылған бөтелкелер мен шприцтерді химиотерапия қалдықтарымен жанасуды болдырмай, автоматты түрде тығыздалатын герметикалық контейнерде жояды.

Роботтан басқа, Алматы Онкологиялық орталығында KiroLink платформасында Kiro

Assist жүйесімен жабдықталған BiOptima IT II класты қауіпсіздік ламинарлық бокстары да пайдаланылады. Бұл бокстар бақылаудың барлық кезеңін сақтай отырып (препаратты сәйкестендіру, штрихкодты тексеру, өлшеу, визуалды бақылау және құжаттау), цитостатикалық препараттарды қолмен сұйылтуға мүмкіндік береді.

Көптеген онкологиялық мекемелерде химиопрепараттар әлі де әдеттегі ламинарлық шкафта дайындалады, бұл қызметкерлер мен науқастар үшін қауіп төндіреді.

Роботтандырылған жүйені енгізу – бұл тек технологиялық жаңалық емес, сонымен қатар Қазақстандағы онкологиялық көмектің қауіпсіздігін, дәлдігін және заманауилығын арттыру жолындағы маңызды қадам.

KiroOncology жүйесі:

- препарат дозасын дәл есептейді, адам факторын болдырмайды;
- 360 градустық камера мен кескін базасы арқылы дәрі-дәрмекті анықтайды;
- штрихкодтарды тексеріп, компоненттерді араластыруға дейін және кейін өлшейді;
- дозалау мен таңдау қателіктерін болдырмайды,
- қауіпті заттармен жанасуды азайта отырып, пайдаланылған материалдарды өздігінен жояды.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

МОЙЫНДАҒЫ ҚАТЕРЛІ ТҮЙІН

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына мойнында түйін пайда болған, жұтынғанда тамағы түйілгендей сезілетін және дене қимылы кезінде енгігіп қала беретін әйел түсті.

Науқас кейінгі 9 жыл бойы «диффузды уытты жемсау» диагнозымен эндокринологтың бақылауында болған. Гормондық емдомға қарамастан, қалқанша безіндегі түйін біртіндеп ұлғая берген. Ультрадыбысты зерттеу нәтижесінде қалқанша безінің көлемі 34%-ға үлкейгені, сондай-ақ паренхиманың диффузиялы өзгерісі, екіжақты ұйқылық үшбұрыш кескінінде лимфа түйіндерінің ұлғайғаны анықталған. Бұл жағдай онкологиялық қырағы тәсілді қажет етеді.

Хирургпен кеңескеннен кейін жоспарлы ота тағайындалып, науқас портал арқылы аталған аурухананың хирургия бөлімшесіне жатқызылып, тиреоидэктомияны тұтас, яғни қалқанша безді толық алып тастау (онымен

бірге күмәнді өзгеріс байқалған қалқанша маңы безі мен иекасты және мойын бүйіріндегі лимфа түйіндерін де сылып тастау) отасын жасады. Ота 2 сағат 40 минутқа созылып, асқынусыз өтті. Науқастың даусы мен жұтыну қызметі сақталды. Ол операциядан кейінгі жетінші күні қанағаттанарлық жағдайда үйіне шығарылды.

Егер сізде мойын тұсы ұлғайып, тамақта «түйін» тұрғандай сезім болса, жұтыну қиындап, физикалық жүктеме кезінде енгігу байқалса, дереу дәрігерге қаралғаныңыз жөн. Уақытылы жүргізілген тексеру мен дер шақта жасалған ота – денсаулығыңызды, тіпті өміріңізді сақтап қалудың төте жолы.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1034 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Әлмерек» шағынауданында орналасқан 13 (он үш) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін. 6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1034 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Алатау Жарық Компаниясы» Акционерлік қоғамы	20-317-102-940	«Әлмерек» шағынауданы, (мектеп)	0,0047
2	«Алатау Жарық Компаниясы» Акционерлік қоғамы	20-317-102-938	«Әлмерек» шағынауданы, 95/26	0,0022
3	«GLOBAL REALTY SERVICE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-102-462	«Әлмерек» шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 118 үй	жалпы -9,1292 үлесі-9,0333 иеліктен шығарылатын ауданы-1,5330
4	Смагулов Сакен Түлеуович	20-317-102-462	«Әлмерек» шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 118 үй	жалпы -9,1292 үлесі-0,0959
5	Кушелекова Умыт Бабахановна	20-317-102-282	«Әлмерек» шағынауданы, Алғабас көшесі, 19 учаске	0,0700
6	Христофориди Елена Александровна	20-317-102-958	«Әлмерек» шағынауданы, Астана көшесі, 196 учаске	жалпы- 0,0905 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0132
7	Менджасаров Тлек Джуманалиевич	20-317-102-102	«Әлмерек» шағынауданы, Астана көшесі, 3 учаске	0,0483
8	Аманкулова Алтынай Сағындыковна	20-317-102-396	«Әлмерек» шағынауданы, Астана, көшесі 1 үй	0,0464
9	Есжанов Сырым Мырзахметович	20-317-102-706	«Әлмерек» шағынауданы, Астана көшесі, 4 үй	0,1000
10	Смагулов Ержан Бейсембаевич, Матбуса Айман Балтабайқызы	20-317-102-693	«Әлмерек» шағынауданы, Астана көшесі, 8 үй	0,0800
11	Қали Қастер, Әсенжан Рағила	20-317-102-055	«Әлмерек» шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 116 үй, 1 пәтер	жалпы-0,1432 үлесі-0,0680
12	Кораласбаева Тазагул	20-317-102-055	«Әлмерек» шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 116 үй 2 пәтер	жалпы-0,1432 үлесі-0,0752
13	Османов Асан Балабекович	20-317-102-994	«Әлмерек» шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 114 үй	0,1000

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1035 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Алматы- 1» теміржол вокзалының солтүстігінде орналасқан 32 (отыз екі) жер учасесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін. 6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1035 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«DBA Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-031-234	Сортировочная көшесі, 7 үй	жалпы-0,2791 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0531
2	Оспан Ұлжалғас Есенқызы, Мұратбеков Ғани Оразбекұлы	20-317-031-147	Клара Цеткин көшесу, 2А үй	0,0072
3	Анкудимова Валентина Фадеевна	20-317-031-156	Клара Цеткин тар көшесі, 4А үй	0,0344
4	Копжасаров Бахтияр Жолдасалиевич, Гумирова Гульназ Тиуелесовна	20-317-031-047	Клара Цеткин тар көшесі, 4 үй, 1 пәтер	жалпы-0,1372 үлесі-0,0495
5	Болат Нуридин Маратулы	20-317-031-047	Клара Цеткин тар көшесі, 4 үй, 2 пәтер	жалпы-0,1372 үлесі-0,0299
6	Гришина Наталья Семеновна, Гришин Борис Васильевич	20-317-031-047	Клара Цеткин тар көшесі, 4 үй, 3 пәтер	жалпы-0,1372 үлесі-0,0171
7	Анарбаева Перизат Нышановна	20-317-031-047	Клара Цеткин тар көшесі, 4 үй, 4 пәтер	жалпы-0,1372 үлесі-0,0407
8	«Алей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-031-060	Клара Цеткин көшесі, 4А үй	0,0344
9	Умиржанов Даниал Жанарбекович	20-317-031-012	Сортировочная көшесі, 6 үй	жалпы-0,6601 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2535
10	«Қазақстан темір жолы» Ұлтық компаниясы» Акционерлік қоғамы	20-317-031-008	Клара Цеткин тар көшесі, 3 үй	жалпы-0,4129 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1513

11	Кейков Мирғалым Насипханович	20-317-031-093	Клара Цеткин тар көшесі, 4Б үй	0,0727
12	Солтанов Токтасын Улдаханович	20-317-031-083	Клара Цеткин тар көшесі, 4В үй	0,0848
13	Стойков Роман Романович, Гриневич Людмила Григорьевна, Конищева Диана Владимировна	20-317-031-274	Клара Цеткин тар көшесі, 6 үй	жалпы-0,0565 үлесі-0,0376 үлесі-0,0186
14	Стойков Роман Романович, Гриневич Людмила Григорьевна, Конищева Диана Владимировна	20-317-031-273	Клара Цеткин тар көшесі, 6/1 үй	0,0565
15	Курманғалиева Асемгуль Ергалиевна	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 1 пәтер	жалы-0,1875 үлесі-0,0152
16	Курманғалиева Асемгуль Ергалиевна, Зернюков Алексей Михайлович	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 2 пәтер	жалпы-0,1875 үлесі-0,0736
17	Тищенко Галина Петровна	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 3 пәтер	жалпы-0,1875 үлесі-0,0209
18	Тищенко Галина Петровна	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 4 пәтер	жалпы-0,1875 үлесі-0,0209
19	Андосов Балтабек Жанжигитович	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 7 пәтер	жалпы-0,1875 үлесі-0,0151
20	Нефёдов Андрей Владимирович, Нефедова Марина Васильевна, Нефёдова Наталья Андреевна	20-317-031-085	Клара Цеткин тар көшесі, 8 үй, 8 пәтер	жалпы-0,1875 үлесі-0,0313 үлесі-0,0105
21	Жогибаева Жанна Сушиевна, Кушкинбаев Биржан Пернебекович	20-317-031-097	Клара Цеткин тар көшесі 14 үй, 1 пәтер	жалпы-0,0994 үлесі-0,0266
22	Суюнбаев Жанболат Улиханович, Даулетбаева Ботагөз Сайлаубековна	20-317-031-097	Клара Цеткин тар көшесі 14 үй, 2 пәтер	жалпы-0,0994 үлесі-0,0181
23	Калашникова Галина Алексеевна	20-317-031-097	Клара Цеткин тар көшесі 14 үй, 3 пәтер	жалпы-0,0994 үлесі-0,0340
24	Алмешев Нурсултанбек Сабитович, Алмешева Гульнар Сабитовна	20-317-031-127	Клара Цеткин тар көшесі, 16 үй, 1 пәтер	жалпы-0,1559 үлесі-0,0572
25	Сүлейменов Ильяс Талғатович, Панамарчук Альфия Талғатовна	20-317-031-127	Клара Цеткин тар көшесі, 16 үй, 2 пәтер	жалпы-0,1559 үлесі-0,0253
26	Таирова Ольга Николаевна, Щербинин Иван Николаевич, Щербинина Елена Александровна, Данилова Галина Семеновна	20-317-031-127	Клара Цеткин тар көшесі, 16 үй, 3 пәтер	жалпы-0,1559 үлесі-0,0360
27	Досжожаев Жұбатхан	20-317-031-127	Клара Цеткин тар көшесі, 16 үй, 4 пәтер	алпы-0,1559 үлесі-0,0374
28	Пасечникова Олеся Константиновна, Эпп Максим Сергеевич, Эпп Калерия Максимовна	20-317-031-112	Клара Цеткин тар көшесі 18 үй, 1 пәтер	жалпы-0,1789 үлесі-0,0400
29	Артёменко Татьяна Алексеевна, Тиунчик Наталья Геннадьевна, Сороковикова Ирина Сергеевна, Артёменко Елена Сергеевна	20-317-031-112	Клара Цеткин тар көшесі 18 үй, 2 пәтер	жалпы-0,1789 үлесі-0,0182
30	Базарбаева Айнур Бектуровна, Байназарова Каражан Леловна	20-317-031-112	Клара Цеткин тар көшесі 18 үй, 3 үй	жалпы-0,1789 үлесі-0,0243
31	Руцкая Лариса Андреевна	20-317-031-112	Клара Цеткин тар көшесі 18 үй, 3А пәтер	жалпы-0,1789 үлесі-0,0358
32	Голковская Любовь Викторовна	20-317-031-112	Клара Цеткин тар көшесі 18 үй, 4 пәтер	жалпы-0,1789 үлесі-0,0375

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1036 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қарағайлы» шағынауданында орналасқан 18 (он сегіз) жер учасесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін. 6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№ 3/470-1036 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Ағыбай Айгүл Сайлаубекқызы	20-322-028-438	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 103 үй	0,0900
2	Шәбден Нұргүл, Молдасан Еркінбек	20-322-028-439	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 103/1 үй	0,1401
3	Абдыкалыков Самат Тлеужанулы	20-322-028-107	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 105 үй	0,1100
4	Мамырханов Серик Ауелжанович	20-322-028-194	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 107 үй	0,1870
5	Қадырбаева Жібек Қайржанқызы	20-322-028-279	«Қарағайлы» шағынауданы, Сергей Калмыков көшесі, 22/7 үй	0,1500
6	Мамышева Гульсафа Литфиевна, Насибов Халилұлла Байрам оглы	20-322-028-268	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 109 үй	0,1273
7	Бері Алма Қайратқызы	20-322-028-280	«Қарағайлы» шағынауданы, Сергей Калмыков көшесі, 22А учаске	0,1490
8	Милютин Николай Александрович	20-322-028-389	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 111 үй	жалпы-0,1980 үлесі-0,0820
9	Камашева Айгүль Курмановна	20-322-028-389	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 83 үй	жалпы-0,1980 үлесі-0,0600
10	Кадырбаев Бауржан Джумағалиевич	20-322-028-366	«Қарағайлы» шағынауданы, Ушурбакиев көшесі, 17 үй	0,1300
11	Курдаев Абдураман Балабекович	20-322-028-096	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 113А үй	0,0389
12	Курдаев Абдураман Балабекович	20-322-028-100	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 117 үй	0,0450
13	Курдаев Абдураман Балабекович	20-322-028-097	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 113 үй	0,1214
14	Курдаев Абдулазиз Балабекович	20-322-028-099	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 153 үй	0,0887
15	Абдыкалыков Самат Тлеужанулы	20-322-025-650	«Қарағайлы» шағынауданы, Тұрсынбек Кәкішев көшесі, 42 үй	0,0250
16	Ақшалава Шолпан Шариповна	20-322-025-866	«Қарағайлы» шағынауданы, Тұрсынбек Кәкішев көшесі, 1/1 учаске	0,0494
17	Ақшалава Шолпан Шариповна	20-322-025-867	«Қарағайлы» шағынауданы, Тұрсынбек Кәкішев көшесі, 1 үй	0,0456
18	Курдаев Аубакир Балабекович	20-322-025-164	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 10 үй	0,0700

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1037 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мәжбүрлеп иелiктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Түрксiб ауданы, Закарпатская көшесінде орналасқан 2 (екі) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иелiктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иелiктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелiктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№ 3/470-1037 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иелiктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Алматы Халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы	20-317-011-060	Закарпатская көшесі, 51/6 учаске	жалпы-0,5002 иелiктен шығарылатын ауданы 0,0786
2	«Алматы Халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы»	20-317-011-011	Закарпатская көшесі, 51 үй	жалпы-429,0471 иелiктен шығарылатын ауданы 0,0373

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1038 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мәжбүрлеп иелiктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында орналасқан 2 (екі) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi осы қаулының қосымша-сына сәйкес мәжбүрлеп иелiктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иелiктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелiктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№ 3/470-1038 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иелiктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«СеверТал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-006-846	Солтүстік айналым көшесі, 78/1	4,0494 иелiктен шығарылатын ауданы-0,5535
2	«PROSYSTEMS PETROLEUM» Ltd жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-006-002	Солтүстік айналым көшесі, 24	0,2346

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1039 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мәжбүрлеп иелiктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы№34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Түру-бұрылу алаңын салу үшін, Алматы қаласы, Түрксiб ауданы, Дегдар көшесінде орналасқан 27 (жиырма жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иелiктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иелiктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелiктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№ 3/470-1039 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иелiктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Даниленко Сергей Анатольевич	20-317-001-011	Дегдар көшесі, 2 үй, 1 пәтер	жалпы-0,0985 үлесі-0,0488
2	Павличенко Анжела Михайловна, Павличенко Нина Михайловна, Павличенко Николай Олегович	20-317-001-011	Дегдар көшесі, 2 үй, 2 пәтер	жалпы-0,0985 үлесі-0,0497
3	Мезенцев Сергей Анатольевич	20-317-001-187	Дегдар көшесі, 1 үй, 1 пәтер	жалпы-0,0873 үлесі-0,0450
4	Еданин Сегей Васильевич, Сурмина Римма Григорьевна	20-317-001-187	Дегдар көшесі, 1 үй, 2 пәтер	жалпы-0,0873 үлесі-0,0423
5	Невский Николай Александрович	20-317-001-283	Дегдар көшесі, 16 үй	0,0831
6	Нагорная Тамара Павловна	20-317-001-123	Дегдар көшесі, 18 үй	0,0670

7	Мадеева Ольга Ивановна	20-317-001-152	Дегдар көесі, 20 үй	0,0720
8	Артхохов Александр Федорович	20-317-001-346	2-ші Остроумов көшесі, 15 үй	0,0012
9	Исенова Асия Сериковна, Сатжанов Азат Бекенович	20-317-001-414	Дегдар көшесі, 110 үй	0,0993
10	Сембаева Гулим Жабыкбаевна	20-317-001-404	Дегдар көшесі, 15/3 үй	0,0801
11	Сәрсенбі Оразбек Халелұлы, Жондыбаева Жамила Мухтаркановна	20-317-001-441	Дегдар көшесі, 21Б учаске	0,0473
12	Иманалиева Сулухан Нурсалимовна	20-317-001-272	Дегдар көшесі, 19А үй	0,0976
13	Байсабаева Бакыт Керимкоджаевна	20-317-001-324	Дегдар көшесі, 15/1 үй	0,0894
14	Джирембаева Данагуль Сәрсекбековна	20-317-001-343	Дегдар көшесі, 15/2, № 1 көлік жай	жалпы-0,0065 үлесі-0,0022
15	Ильинская Нина Никитична	20-317-001-343	Дегдар көшесі, 15/2, № 2 көлік жай	жалпы-0,0065 үлесі-0,0022
16	Дементьева Наталья Алексеевна	20-317-001-343	Дегдар көшесі, 15/2, № 3 көлік жай	жалпы-0,0065 үлесі-0,0021
17	Жумадилова Меруерт Маратовна, Иманбеков Айдос Талгатович	20-317-001-271	Дегдар көшесі, 19Г үй	0,0972
18	Сулейменова Алия Тоймахановна	20-317-001-287	Дегдар көшесі, 42 үй	0,0975
19	Берикбаева Сәрсемхан Нурбековна	20-317-001-455	Дегдар көшесі, 11/1 үй	0,0722
20	Кужахметов Бейбит Идашевич		Дегдар көшесі, 15 үй, 1 пәтер	
21	Оркушпаева Гульмира Аспыловна, Оркушпаев Евгений Михайлович		Дегдар көшесі, 15 үй, 2 пәтер	
22	Дементьева Наталья Алексеевна, Дементьев Валерий Павлович, Дементьева Елена Валерьевна, Дементьева Виктория Валерьевна		Дегдар көшесі, 15 үй, 3 пәтер	
23	Артохова Алла Александровна, Артохова Татьяна Александровна, Артохов Максим Александрович, Артохов Александр Федорович		Дегдар көшесі, 15 үй, 4 пәтер	
24	Игламов Серик Болатович		Дегдар көшесі, 17 үй, 1 пәтер	
25	Голодов Геннадий Иванович, Голодов Александр Геннадьевич, Голодов Игорь Геннадьевич		Дегдар көшесі, 17 үй, 2 пәтер	
26	Егоров Алексей Владиславович		Дегдар көшесі, 17 үй, 3 пәтер	
27	Далабаев Аймурат Санакович, Далабаева Карима Ароновна		Дегдар көшесі, 17 үй, 4 пәтер	

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 16 маусымдағы № 26.1-26.06/932-И хаты

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мәжбүрлеп иелiктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 26.1-26.06/932-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану нысаны (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін «AKAS P16» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 90А мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-315-028-655, ауданы 0,4940 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi иелiктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иелiктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелiктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№3/470-1041 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мәжбүрлеп иелiктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық пилоттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 20 маусымындағы № 34.1-34.03/1754-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Салынып жатқан 1500 орынды мектепке кіреберіс жол құрылысы және тұрақ кеңістігі үшін Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы мекенжайында орналасқан 11 (он бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иелiктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иелiктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін;
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлiктi мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелiктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 шілдедегі
№ 3/470-1041 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иелiктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі					
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га	Жер учаскесінің иелiктен шығарылатын ауданы, га
1	Аубакиров Арман Берикович	20-322-024-238	«Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 22/2 үй	0,07	0,0003
2	Коваль Сергей Николаевич, Рудник Тамара Николаевна, Черноусова Марина Николаевна	20-322-024-1039	«Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 19 үй	0,1066	0,001
3	Дорофеева Наталья Викторовна, Батал Ален-Джанибек Наильұлы, Баталов Наиль Анварович, Ахильбекова Карина Ахмедьяновна	20-322-024-1034	Геолог бау-бақша серіктестігі, 30 үй	0,0495	0,0001
4	Қучмаз Жумагуль Құлдиманасовна	20-322-024-256	Геолог бау-бақша серіктестігі, үй 31	0,086	0,0002



Басы 13–14-беттерде.

5	Наурызғалиева Бибигуль Сериковна	20-322-024-1359	«Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 25/51 үй	0,1150	0,004
6	Дауленова Зулжамал	20-322-024-1356	«Құрамыс» шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 25/53 үй	0,1186	0,0053
7	Ким Евгений Викторович, Пак Татьяна Светославовна	20-312-062-131	«Таугүл-3» шағынауданы, Дауленов көшесі, үй 88	0,0701	0,0072
8	Базарбаева Анархан Мұнаевна	20-312-062-359	«Таугүл-3» шағынауданы, Дауленов көшесі, 90 үй	0,0589	0,0144
9	Аленова Кульмара Каиржановна	20-312-062-391	«Таугүл-3» шағынауданы, Дауленов көшесі, 92 үй	0,0734	0,0047
10	Ерсеркенова Сауле Мұхаметкажиновна	20-322-024-273	«Сельхозработник 1» бау-бақша серіктестігі, 174А үй	0,066	0,0242
11	Ахметжанов Бирлес Уахитович, Ахметжанова Рауза Нигматоллиновна	20-322-024-1158	«Сельхозработник» бау-бақша серіктестігі, 195 үй	0,0480	0,0480

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1042 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы № 3/370-496: қосымшадағы: реттік нөмірі 27 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

27.	Махсұтова Гульбахар Ясыновна, Махсұтова Латифа Абдрашитовна	20-312-047-134	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 58	0,0672
-----	---	----------------	---	--------

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 26 қазандағы № 4/524-646: қосымшадағы: реттік нөмірі 24 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

24.	Сайдұллаев Асайдұллам Алымжанович	20-312-047-096	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 48	жалпы-0,1382 үлесі-0,0644
-----	-----------------------------------	----------------	---	---------------------------

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 29 ақпандағы № 1/1-85: қосымшадағы: реттік нөмірі 3 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

3.	Сламова Эльмира Дилмуратовна	20-321-068-1523	«Алғабас» шағынауданы, Орақты батыр көшесі, 117, 1 пәтер	жалпы-0,1410 үлесі-0,0810 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0125
----	------------------------------	-----------------	--	--

реттік нөмірі 49 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

49.	Шаугимбаева Ханифа Тулегеновна, Барманкулов Гани Болатбекович, Барманкулова Аижан Болатбековна	20-321-069-592	«Теректі» шағынауданы, Ақжарқын көшесі, 2	0,0400
-----	--	----------------	---	--------

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы № 4/530-2125: қосымшадағы: реттік нөмірлері 21, 22 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

21.	«Polymer Connect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-019-007	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80А	0,2735
22.	«Электро-ХСБМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-019-011	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 80Г	жалпы-1,2857 үлесі-0,6323 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2479

реттік нөмірлері 51, 52 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

51.	«Buta Legend» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-019-072	Рысқұлов даңғылы, 103/28	жалпы-0,5123 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1170
52.	«Buta Legend» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-019-077	Рысқұлов даңғылы, 103/6	0,6540

5) 2025 жылғы 17 наурыздағы № 1/1-416 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 40 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

40.	Рыбцева Людмила Ивановна	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 128 көлікжай	жалпы-2,2694 үлесі-0,0040
-----	--------------------------	----------------	--	---------------------------

реттік нөмірі 92 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

92.	Устинов Владимир Анатольевич	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 242 көлікжай	жалпы-2,2694 үлесі-0,0038
-----	------------------------------	----------------	--	---------------------------

6) 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 2/262-518 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 8 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

8.	Искандарова Шура Жафетовна	20-321-070-160	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 597	жалпы-0,1425 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0084
----	----------------------------	----------------	--	---

7) 2025 жылғы 2 сәуірдегі № 2/262-519 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1.	Мамиров Абайдулла Абдулаевич, Мамиров Максим Абдуллаевич	20-312-044-634	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 27	0,0731
----	--	----------------	---	--------

реттік нөмірі 3 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

3.	Идилов Сраил Ахметович, Идилова Гулямхан Ахметовна	20-312-047-270	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 44	жалпы-0,0983 үлесі - 0,0655 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0085
----	--	----------------	---	--

реттік нөмірі 10 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

10.	Кузембаев Канат Аскарлович	20-312-047-474	«Достық» шағынауданы, Ф.Шәріпов көшесі, 34	0,0708
-----	----------------------------	----------------	--	--------

реттік нөмірі 23 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

23.	Сенлибаев Ерден Жуманбаевич	20-322-005-1122	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 45	0,0515
-----	-----------------------------	-----------------	--	--------

реттік нөмірі 44 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

44.	Калипбеков Нурабай Дуисенбекович	20-322-005-345	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нұрпейісов көшесі, 40	0,0816
-----	----------------------------------	----------------	---	--------

реттік нөмірі 47 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

47.	Пундык Сергей Васильевич	20-322-005-373 (20-312-948-053)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 25	0,1927
-----	--------------------------	---------------------------------	---	--------

реттік нөмірі 58 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

58.	Мырзатаева Лаззат Прназаровна	20-322-005-420 (20-312-950-025)	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 58	0,0961
-----	-------------------------------	---------------------------------	--	--------

реттік нөмірі 65 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

65.	Аутова Раисям Тельмановна	2 0 - 3 2 2 - 005-452	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 22	0,0800
-----	---------------------------	-----------------------	--	--------

реттік нөмірі 73 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

73.	Кадирова Ризвангуль Шаяхметовна	20-322-005-523	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 55	0,0795
-----	---------------------------------	----------------	---	--------

реттік нөмірі 110 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

110.	Нисканин Александр Владимирович	2 0 - 3 2 2 - 005-905	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 56	0,0991
------	---------------------------------	-----------------------	--	--------

реттік нөмірлері 117, 118 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

117.	Мұхамбетұлы Мирас	2 0 - 3 2 2 - 005-987	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нұрпейісов көшесі, 101	0,1877
------	-------------------	-----------------------	--	--------

118.	Супашова Фаридам Мухитдиновна	2 0 - 3 1 2 - 047-270	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 44	жалпы-0,0983 үлесі-0,0328
------	-------------------------------	-----------------------	---	---------------------------

8) 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-880 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 12 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

12.	Әміртай Жақсылық Сайлауұлы	2 0 - 3 2 2 - 0 0 2 - 027	«Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 51	жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0060
-----	----------------------------	---------------------------	--	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1043 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 3/373-1788 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 3/373-1788 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

Қосымшада: реттік нөмірлері 2 және 3 жолдар алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!

2025 ж. 23 шілде сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Төле би к., 308-үй Ду1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3А» ықш. ауданы, «Ақсай-3Б» ықш. ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефоны арқылы алуға болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 9 шілдедегі №50-НҚ бұйрығымен «Алатау емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау» бекітілді, 01.08.2025 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі:

орташа сату тарифі 1 Гкал үшін 6144,67 теңге (ҚҚС-сыз);

– коммуналдық жылуды есепке алу аспаптары жоқ жеке тұлғалар – 1 Гкал үшін 5350,00 теңге (ҚҚС-сыз);

– коммуналдық жылуды есепке алу аспаптары бар жеке тұлғалар – 1 Гкал үшін 2675,00 теңге (ҚҚС-сыз);

– коммуналдық жылуды есепке алу аспаптары жоқ басқа тұтынушылар(занды тұлғалар) – 1 Гкал үшін 8069,59 теңге (ҚҚС-сыз);

– коммуналдық жылуды есепке алу аспаптары бар басқа тұтынушылар(занды тұлғалар) – 1 Гкал үшін 4034,80 теңге (ҚҚС-сыз).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 9 шілдедегі №49-НҚ бұйрығымен «Алатау емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС тарату желілері арқылы сумен жабдықтау қызметтерінің тарифтік сметасы бекітілді, 01.08.2025 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі:

орташа сату тарифі м3 үшін 98,76 теңге (ҚҚС-сыз);

– жеке тұлғалар (халық саны) – м3 үшін 90,00 теңге (ҚҚС-сыз);

– коммуналдық есепке алу аспаптары бар басқа тұтынушылар(занды тұлғалар) – м³ үшін 183,92 теңге (ҚҚС-сыз).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

● А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АБАЙ ТУРАЛЫ КІМ КӨП БІЛЕДІ?»

Интерактивті ойындар мәдени мұраны дәріптеп, кітап оқуға қызығушылықты арттыруға бағытталған

Әуезов ауданындағы «Family Park» отбасылық саябағында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Book Vibe» атты кітап көрмесі өтті.

 Гүлжанат СЕМБАЕВА

Көрме Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы мен Әуезов ауданы әкімдігінің бірлесіп ұйымдастыруымен өтіп отыр. Қаладағы 11 баспа өздерінің жаңа кітаптарын ұсынып, келушілер назарына ауқымды көрме ұйымдастырды. Бағдарлама аясында Абайдың әндері мен өлеңдері шырқалып, поэзия шығармалары шет тілдерде де орындалды. Сондай-ақ, бисерден жасалған Абай мүсіні мен ақын суретінің қойылымы көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Көрме барысында «Абай туралы кім

көп біледі?» интерактивті ойындар ойнатылып, Абай шығармалары негізінде дайындалған мерекелік әндер мен би ұсынылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл іс-шара мәдени мұраны дәріптеп, жастар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.

«Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай осындай ауқымды шығармашылық кеш өткізіп жатырмыз. Бұл іс-шара тек концертпен шектелмейді. Мұнда 12 баспадан шыққан кітаптардың көрмесі және таныстырылымы өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар кітапханасымен бірлесіп, «Абай бұрышын» ұйымдастырдық. Абайдың шығармалары мен қара сөздерінің француз, ағылшын, орыс және өзге де тілдерге аударылған нұсқаларымен танысуға болады. Халық күнделікті өмірде Абайдың шығармаларын жиі парақтай бермейді, сондықтан осындай іс-шара арқылы ақын мұрасына қайта назар аудартып отырмыз», – дейді Әуезов ауданы әкімі аппараты Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Әйгерім Меңдешқызы.

Тағы бір ерекшелігі – ауданның жас өнерпаздары алғаш рет киізден Абайдың бейнесін жасады. Бұған дейін бисерден, суретпен салынған нұсқалары болған, бірақ киізден бейне жасау тарихта алғаш рет ұсынылып отыр. Іс-шара соңында қатысушылар Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін бірге шырқады.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Талғат МЕҢДІБАЙ, жобаны ұйымдастырушы:

Мақсат – кітап оқуды насихаттау

Қазір кітап оқуды жойылып бара жатқан әдет сияқты насихаттап жүрміз. Бірақ біз үшін ол су ішіп, ауа жұту сияқты күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналуы керек. Сондықтан осындай форматтағы көрме ұйымдастырып, кітап баспаларын шақырып отырмыз. Олар өз өнімдерін халыққа таныстырады, ал оқырмандар жаңа кітап сатып алып, шығармалармен танысады. Сонымен қатар, онлайн түрде де «Менің сүйікті кітабым» сияқты байқаулар өткізіп, сол конкурстың қорытындысын шығарамыз. Негізгі бұл көрме ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Бірақ жалпы жобаның үлкен мақсаты – кітап оқуды дәріптеу. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастырамыз деп жоспарлап отырмыз. Мысалы, іс-шараны тамыз айында да өткізу ойымызда бар. Өткен жолы Арбатта өткен «Book Vibe» көрмесіне он бес баспа қатысты. Халыққа кітап оқу мәдениетін насихаттауда бұл іс-шаралардың орны ерекше деп санаймыз.

● БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

БАЛАНДИН БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

Рио олимпиада-сында айды аспанға бір-ақ шығарып, атой салған жүзуші алматылық Дмитрий Баландиннің ерлігі бәріміздің есімізде. 200 метрге брасс әдісімен (құлаштай) жүзу жарысында Баландин жартылай финалға соңғы 8-орынмен шыққан еді. Жүзуде бұл жолақ финалдағы аутсайдер спортшыға беріледі. Баландиннен көп ешкімнің алтын күтпегені анық. Алайда, спортшы үшін бұл жолақ сәтті болды. «Бұл жолақтан чемпион болу өте қиын. Себебі, барлық қарсыластарыңды көрмейсің. Бірақ ол жолақ ешкімге қарамай, бар күшіңді жұмсауға қолайлы».

Баландин алғашқы 50 метрді 4-інші болып өтті. Кейін 100 метр және 150 метрді өткенде 2-орынға шықты. Соңғы 50 метр қалғанда ол жылдамдығын үдете түсіп, мәреге бірінші жетті. Таблода Қазақстан Туы мен Баландин есімі жарқ ете қалды. Залдағы мыңдаған жанкүйер таң-тамаша болып, жаңа чемпионға қошемет көрсетті. Бұл – тарихи жеңіс, Қазақстан жүзу спортынан алғашқы медалін алған еді.

Жеңіс тұғырына нық қадам



А т а -анасы жеті жасар Диманы жүзіп үйренсін деп Тимирязев көшесінде орналасқан республикалық спорт колледжіне береді. Жаттықтырушылар Людмила Викторовна Петрова мен Мария Юрьевна Гайнутдинованың еңбегі зая кетпеді. Біраз уақыттан кейін Дмитрий өзін суда сенімді ұстады. 12 жасында республика деңгейіндегі алғашқы жарыстарға қатысып, жеңіске жетті. Тәлімгерлерінің кеңесімен, ата-анасының рұқсатын алып, спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатқа ауысады. Бұл – қазіргі қалалық олимпиадалық дайындық орталығы. Осында ол орта мектепті тәмамдап, оқуын жаттығумен ұштастырды. Дәл осы оқу орнының қабырғасында болашақ чемпион қалыптасты.

– Бұл интернат, оның ұжымы мен үшін өте қымбат. Менің қалыптасуыма ықпал еткен орта. Ештеңе оңай болған жоқ. Сәттіліктер мен сәтсіздіктер де, жеңістер мен жеңілістер де, бәрі-бәрі болды. Есейе келе, өзіме деген сенімділік пайда болды. Инчхондағы Азиадаға дейін бірнеше дайындық кезеңдерінен өттім. Алдымен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты болды. Жүлдеге қол жеткізе алмадым. Тек төртінші нәтиже көрсеттім. Содан кейін Джакартада (Индонезия) Азия чемпионаты өтті. Бұл додада екі қашықтықта жүлдегер атандым. Ал Азиадаға дейін Гонконгте өткен ашық чемпионатта бірінші орынды иелендім. Республика кубогында ең жақсы уақыт – 2.12, 10 секундты көрсеттім. Инчхонға жүлде аламын деп бардым. Кемі қоланы жеңіп аламын деген үміт болды. Бірақ шынымды айтсам, қатарынан 3 алтын аламын деп ойламадым. Азия ойындарында Дмитрий 50, 100 және 200 метрге брасс әдісімен жүзуден үш алтын медаль алды.

«Қазақстандық құбылыс»

Қазақтың атын айдай әлемге жайған Олимпиада ойындарының болашақ чемпионын шетелдік БАҚ, соның ішінде американдық БАҚ өкілдері «қазақстандық құбылыс» деп атады. Спортта бой-

ға біткен бұла күш, қайсар рухтың арқасында бұзып-жарып жол салып, абырой-беделге бөленген жас спортшыны олай атамауға негіз де жоқ емес. Бұл туралы Дмитрийдің жеке жаттықтырушысы Алексей Николаевич Казаков былай дейді: «Мен Дмитрийдің рухының мықтылығына разымын. Жеңістің буына мастанған емес. Керісінше, ол Азиададағы жеңісінен кейін өзіне бұдан да биік мақсат қойды. Оның бірі – «екі жүздікте» әлемдік рекордқа жету. Шынында да, континентальды Олимпиадadan кейін оның жоғары жетістікке жетуіне 0,66 секунд қана жетпей тұрды. Барлық халықаралық старттарда біздің жүзушінің рейтингке сәйкес алатын нәтижелерін көрсету қажет болды. Диманың алдында жақсы жүзетін төрт адам ғана бар. Демек, біздің алған бағытымыз дұрыс».

Су спортының саңлағы

Еңбекқорлығымен, қайсар мінезімен өзгелерден дараланған Дмитрийдің талантын бапкер де бірден байқайды. Алексей Николаевич Дмитрийдің бойындағы күш-жігерінің мықтылығына қайран қалатын. Алты жылдың ішінде Дима ешбір себепсіз жаттығуды жібермеген көрінеді.

...Спортта күш пен жылдамдық қана емес, ақыл мен парасат та керек. Нәтижеге жету үшін басқа да көптеген факторлар әсер етеді. Мұның бәрі Дмитрий Баландиннің бойында бар еді.

Спортшының жетістігіне риясыз қуанған жүзуден ҚР құрамасының жаттықтырушысы Олег Вагизов былай дейді:

– Ғажайыпқа сенбеу мүмкін емес. Әлбетте, дайындық болды. Әр жетістіктің артында үлкен еңбектің жатқаны айтпаса да, түсінікті деп ойлаймын. Оның үстіне Дмитрий өте дарынды, талабы мықты спортшы. Қажырлы еңбек, талантты спортшы, сәттілік бәрі бір-бірімен үйлесе кетті.

Баландин еліміздің жүзу спортына жаңа серпін беріп, ең үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Тұңғыш олимпиада чемпионы атанып, спорттағы ең биік тұғырға көтерілген санаулы спортшылардың бірі болды.

Бүгінде Дмитрий жастарды жаттықтырып жүр. Жастарға қолұшын беріп, тәжірибесін бөлісіп, білгенін үйретіп жүрген су спортының саңлағы бапкер ретінде де биік белестерді бағындыратынына сеніміміз мол.

Әлім АНАПЬЯНОВ.